

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
Педагогикалық технологиялар институты
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы

Жеткізгенова Әлия Түгелбайқызы

ШЫҒЫС ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ
Оқу-әдістемелік нұсқау

Ақтау – 2010

ӘӨЖ 821.512.122.09 + 821.222.1

Құрастырған: Ә.Т.Жеткізгенова Шығыс әдебиетінің тарихы Оқу-әдістемелік нұсқау., - Ақтау, 2010. -48 бет.

Пікір жазғандар: ф.ғ.к. Ш.С.Абишева
Ф.ғ.к Б.Қ.Ақбердиева

Шығыс әдебиетінің ең байырғы дәстүрлі салаларының бірі – араб әдебиетін кезеңдік жағынан жан-жақты қамтыған бұл еңбек жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті, шығыс әдебиеті мамандықтарында арналып жазылған.

Әдістемелік нұсқау оқытушыларға, магистранттарға және студенттерге қосымша көмекшілік қызмет атқарады.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды.

©Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010

АЛҒЫ СӨЗ

Шығыс халықтарының әдебиеттері – өркениеттегі әрқайсысының лайықты орындары белгіленген рухани мұралар.

Ендеше, осындай асыл рухани мұраларды таныстыру, оқыту, үйрету өскелең жастардың дүниетанымын кеңейтумен қатар, ғылыми-әдістемелік жаңа ізденістерге бастайтыны белгілі.

Еңбекте көне араб лиро-эпикалық поэзиясынан бастап, орта ғасырдағы араб әдебиеті, Андалусиядағы араб әдебиеті кезеңдері қамтылып, көрнекті өкілдері шығармашылықтары таратыла талданған.

Еңбекте жан-жақты топтастырылып, толықтырылған дәрістер жинағы араб әдебиетін оқытудағы семинар, СӨЖ, СОӨЖ- берілетін тапсырмаларды орындауға үлкен көмекшілік қызмет атқарады. Себебі, әдістемелік нұсқауда араб әдебиеті бойынша бағдарламаға сай мәселелердің барлығы да қамтылған.

КӨНЕ АРАБ ЛИРО-ЭПИКАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫ

Бәдәуи бәйіттері

Бәдәуи «араб немесе арабстандық» деген сөздің синонимі емес, ол түптеп келгенде «түз адамы» деген ұғымды береді.

Бәдәуилер түйе шаруашылығымен айналысқан. Өйткені, олар өмір сүрген географиялық орта, түздіктердің ғұмырын түйемен мықтап матастырады. Олар түйені аса жоғары бағалайды. Сондықтан да бәдәуи ақыны сұлу қызды суреттегенде, міндетті түрде өз түйесінің сұлулығын да қозғай кетеді.

Арабтардың көптеген ақындары өз өлеңдерін астына мініп жүрген түйесін суреттеуден бастайды. Бұл жайлы араб әдебиетінің үлкен зерттеушісі, академик И.Ю.Крачковский (1888-1951): «Шайырлар кейде түйенің сұлулығын тәптіштеп баяндағаны сонша, олардың суреттеулерін әділ де дұрыс бағалау үшін осы бір қасиетті жануар сырының әуесқой да нағыз білгірі болуға тура келеді» дейді.

Көшпелі бәдәуилер түйенің жоғары айтылған қасиеттерінен бөлек музыка сазына өте сезімтал екендігін ерте кезде-ақ байқаған. Неміс шығыстанушысы Карл Броккельман (1868-1956) «бәдәуи өлеңдерінің өлшемі түйенің жүрісіне байланысты туған, өйткені түйеге мініп бара жатқан бәдәуи өз өлеңдерінің ырғағын түйенің жүрісіне ыңғайлап айтады» - дейді.

V-VII ғасырлардағы бәдәуи поэзиясын батыс ғалымдары «Жаһиллия» («қараңғылық») ғасырының поэзиясы дейді. Ислам тарихын зерттеуші өзге оқымыстылар бұл дәуірдің бұлай аталуы жайлы әр түрлі жорамалдар ұсынған. Олар V-VII ғасырларда жасаған көшпелі бәдәуилерде жазу-сызу өнері болған жоқ, сондықтан да көшпелі бәдәуилер поэзиясы **жаһиллия ғасырының** поэзиясы деген атақ алды деген жорамалды айтады.

Ал, енді бірі V-VII ғасырларда ақындардың болғандығын да теріске шығарады. IX ғасырда өмір сүрген араб әдебиетшісі Ибн Салам өзінің «Ақындар буыны» деген еңбегінде бәдәуи поэзиясының өмір сүргендігін айта келе, «поэзия болғанмен ол қазіргідей (тоғызыншы ғасырды айтып отыр)» емес еді. Оның үстіне бәдәуи ақындарының шығармалары дейтіндердің көпшілігі ол ақындардың шығармашылдығына мүлдем ұқсамайды, олардың барлығы, ислам тарағаннан кейін ғана шықты, өйткені исламға дейін көшпелі бәдәуилер **қараңғылық ғасырда** өмір сүрді, олардың мұндай әдемі, өрнекті, ойлы шығармаларды шығаруы мүмкін емес еді», - дейді. Бұл сияқты жаңсақ пікірді кезінде араб әдебиетін зерттеуші ағылшын ғалымы, доктор Д.С.Марголиус (1858-1940) пен мысырлық доктор Таха Хусейн де (1858-1940) қолданған болатын.

Қайсыбір халықтың болмасын қараңғылық кезенді бастан өткергені даусыз. Бірақ оларда ауыз әдебиеті болған жоқ еді деген қате пікір. Өйткені, кез келген әдебиет өзінің бастауын ерте кезендердегі ауыз әдебиеті үлгілерінен іздейді.

Ибн Салам, Д.С.Марголиус пен Таха Хусейннің «көшпелі бәдәуи ақындарының бәйіттері дейтін шығармалар ислам тарағаннан кейін шыққан, сондықтан да бұл көшпелі бәдәуи ақындарының шығармаларына жатпайды» деген пікірлерінде де қарама-қайшылық бар.

Ислам тарағаннан кейінгі жылдары ақындардың көпшілігі сарай ақыны болып өмір сүрді. Ал, сарай ақындарының өте талантты дегендері болмаса, даланы көрмей, білмей көрмей, білмей тұрып, бәдәуи өмірін дәл суреттей алуы екі талай еді.

V-VII ғасырлардағы бәдәуи поэзиясы туралы батыл болжамдар айтып, өзінің ойлы зерттеулерімен атағы шыққан ғалымдардың бірі, венгер шығыстанушысы И.Голдциэр (1850-1920). Ол әуелі араб поэзиясындағы **хиджа** жанрының шығу тегін зерттеп біраз мақалалар жазды да, кейінірек осы мәселеге қайта оралып үлкен зерттеуін жариялаған. Бұл ғалым, сондай-ақ, риса жанрына да бағалы бағдарлар жасады.

XIX ғасырдың соңғы жылдарында Австрия шығыстанушысы Рудоканакис (1876-1945) бәдәуи поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі - Әл-Ханса (VII ғ.) туралы өз зерттеуін ғалымдар талқылауына ұсынса, неміс арабисі Р.Гейер (1851-1929) де Әл-Ааша (VII ғ.) хақында зерделі зерттеулер жүргізген.

Бәдәуи поэзиясы V ғасырдың соңғы жылдарынан басталады. Осы кезеңнен бастап VII ғасырдың ортасына дейін, Солтүстік арабияда бәдәуи поэзиясы туып қалыптасты. Көшпелі бәдәуилердің көпшілігі Солтүстік Арабияны иеленгендіктен де бәдәуи поэзиясының Отаны Недж және Хиджаз жазығы болды.

Бәдәуи дүниесінде жазба әдебиет болған жоқ. Ол дәуір ақындарының шығармалары тек қана ауыздан-ауызға көшу арқылы сақталып қалды. Араб топырағында туған талай-талай талантты ақындар дүние жүзіне мәшһүр болды, тарихтың алтын беттерінде аттарын қалдырды.

Көшпелі бәдәуилер арасында өлең шығару өнері батырлықтан кем саналмаған. Өз тайпасының, руының даңқын шығаратын ақындар болғандықтан, өлең өнерін білетіндерге қоғамы өз төрінен үлкен орын берген. Бұл жағынан олар қазақ табиғатына тым жақын.

Бәдәуи ақындарының шығармалары бізге түгелдей жеткен жоқ. Жеткенмен жарым-жартылай, сұрыпталған дәрежеде жетті. Араб әдебиетін зерттеуші ғалымдар бәдәуи ақындарының шығармаларының ұмыт болып, жойылып кетпеуіне талантты ақындардың шығармаларын түгелдей жаттап, ел арасына айтып жүретін адамдардың үлкен үлес қосқандықтарын айтады. Мысалы, Қурайыш тайпасында сан мыңдаған өлең жолдарын жатқа айтатын Махрама ибн Нуфл, Хутайтаб ибн Абд әл-Азза секілді, ал VII ғасырлардан бастап Хаммад ар-Рауиа (VIII), Халаф әл-Ахмар (VIII), Абу Әмір Исқақ ибн Мирар аш-Шайбани (IX), Асма және Абд әл-Мәлік ибн Кариб (IX), Абу Саид әл-Хассан ас-Суккари (IX), Абу Бакр Мұхаммад ибн әл-Қасым әл-Әнуари (X) сынды үлкен дарын иелері болған. Ал хижра жылынан кейін араб оқымыстылары мен әдебиетшілері, бәдәуи ақындарының өлеңдерін қағаз

бетіне түсіріп, түсініктеме жаза бастайды. Өз еңбектерін жазу үстінде олардың өлеңдерінен өнеге алып отырған.

V-VII ғасырларда бәдәуи поэзиясының кейбір Набиға, Тарафа секілді өкілдері Хира әкімдерімен жиі қатынаста болған. Бұлардың шығармаларын кейінірек қағаз бетіне түсірген де сол өлке әдебиетшілері.

XIX ғасырда ғұмыр кешкен орыстың белгілі шығыстанушы ғалымы В.Розен (1849-1908) бәдәуи поэзиясының жиналуы хақында мына бір ескерер жайтты келтіре кетеді: «Абу Әмір ибн әл-Ала айтып еді. Арабтар топырағында дүниеге келген әдеби шығармалар сіздерге толық жеткен жоқ. Егер жеткенде сіздер одан көп тәлім алар едіңіздер. Жаугершілік заманда (VI-VII ғасыр) Халифа Нұғман ибн әл-Мунзир нөкерлерін шақырып алып, қолжазбаларды арнайы затқа орап өз сарайының ішіне жасырып көмдіреді. Арада біраз жыл өтіп бейбіт өмір орнағаннан кейін бірде өзге Халифа Мұхтар ибн Аби Абид ас-Сақафи (VII ғ.) Куфаға келгенде оған біреу Халифа әл-Мунзир сарайының астында тығылған қазына бар екендігін айтады. Мұхтар ол жерді қаздырғанда бәдәуилердің көптеген өлең жинақтары шықты».

Шындығында да бәдәуи ақындарының шығармалары ұшан-теңіз болған. Бірақ, көпшілігі әлгіндей жолмен жасырылып, жасырылмағаны жойылып кеткен. Қазіргі күні бәдәуи ақындарының бізге жеткен бірнеше ірілі-уақты жинақтары бар. Олар: Хаммад ар-Рауиа (694-772) құрастырған «әл-Муаллақат» антологиясы, Муфаддал ад-Дауи (780-867) құрастырған «әл-Муфаддалиат» атты өлеңдер жинағы, Абу-л-Фарадж әл-Исфahanидің (897-967) «Китаб әл-агани» («Ән кітабы») атты антологиясы. Ибн Кутайбаның (828-889) «Поэзия және ақындар» («аш-Шиир уа-ш-шуара») атты еңбегі, Абу Таммамның (805-886) «Китаб әл-Хамаса» («Батырлар жыры») атты антологиясы.

Ұзақ жылдар жазу-сызу өнері болмай араб ақындарының бәйіттері тек тек ауызша сақталғандықтан, кейбір бәйіттердің бұрынғы қалпынан өзгеріп,, толықтырылғандығына күмән жоқ. Мысалы, Әмір ибн Кулсум өлеңдерінің ішінде Әмір шығармаларына жатпайтын кейбір бәйіттер бар. Ол бәйіттер Сирия жайында айтады. Ал, Әмір әл-Фураттың (Евфраттың) төменгі сағасында тұрған, Шамда ешқашан болмаған.

Кейбір бәдәуи ақындарының шығармаларын жинаушы «рауилер» (жадында сақтап айтушылар) тайпалас ақындарының өзге шайырлардан биік тұруын қалап, өздері бәйіттер шығарып, оны ақындарының шығармаларына таңған. Дегенмен, бәдәуи ақындарының шығармалары түбегейлі өзгертулерге ұшырай қоймаған. Өйткені, олардың өлең өрнектері өзгерте беруді көтермейді. Ондай жағдайда бәйіттердің мазмұны мен мағынасы да біржола лайланады. Ал, бізге белгілі ақындардың шығармаларында бірен-саран болмаса өзгерту аз.

Бәдәуи поэзиясын оқи отырып, муаллақ деген сөзге жиі кездесеміз.

«Муаллақ» араб тілінде «ілінген», «көтерілген» деген ұғымды білдіреді. Мұндай «ілінген», «көтерілген» деген сөздің шығуы туралы араб халқының арасында аңыздар бар. Соның бірінде «бәдәуи ақындарының

расаында жиі болып жататын мүшайра (ақындар айтысы) кезінде жоңары бағаға ие болған бәйіттер жинақ етіп құрастырылады да меккеге жақын Указ жәрмеңкесінде қымбат матамен тысталып сыртына алтын жалатылып, жұрт көбірек көретін жерге ілініп қойылады екен», - делінеді. Осы сияқты әңгімені біз Андалус ақыны ибн Абд ар-Рабихтың (860-939) еңбегінен де оқимыз.

Бізге жеткен бәдәуи ақындарының шығармалары Аднан және Қурайш диалектісінде жазылған. Қурайш диалектісі араб топырағындағы барлық тайпаларға түсінікті болған. Өйткені бұл диалектіде сөйлейтін арабтар мәдениеттің кең тараған жерінде тұрған.

Бәдәуи ақындарының шығармаларында бой көрсетер жайт өз тайпасының батырлығын мақтау, соны жыр ету. Сонымен қатар, кейбір аш-Шанфара (VI ғ.), Тарафа сияқты ақындар көршілес тайпалардың кемшіліктерін мінеп, мысқылдап, уытты тілмен әжуалап отырған. Сондықтан да бәдәуи поэзиясында бәдәуилер өмірі жан-жақты, айқын көрінеді.

Көрнекті арабист ғалым И.М.Фильштинский араб өлең өрнегінің негізі исламға дейінгі кезеңде қаланғанын айтады. «Орта ғасырларда,- дейді ол – шын мәніндегі толыққанды поэзиялық шығармалардың тууына бәдәуилер дәуірінде мықтап дамыған ауыз әдебиеті түрткі болған. Осындай процестің алғашқы баспалдағы деп соңғы дауыссыздары ғана ұйқасып келетін қарасөзді сөйлемді – **саджды** – атауға болады. Садж – жақын адамы қайтыс болып қара жамылғанда немесе жақындаған жауын көріп кіжінгенде, яки қатты тебіренгенде бәдәуи аузынан шығатын қысқа үн. Мұндай ұйқасты қарасөзді өзінің белгілі салт жораларында дін өкілдері – абыздар да пайдаланған. Міне, осы ұйқасты қарасөзден барып араб өлең өлшемінің қарапайым түрі – **раджаз** (қосарланған ямб) келіп шыққан. Раджаз соңыра араб поэзиясындағы басқа да өлең өлшемдеріне негіз болған.

Араб өлең өлшемі (аруд) латын немесе грек өлеңі секілді квантативті. Бұл созылыңқылары әрқилы буындардың ауысып келуі деген сөз. Қысқа және созылыңқы буындар жиылып бунақ құраса, ал екі және үш бунақ жарты өлең (полустушия) түзеді, ал екі жарты – өлең міндетті түрде үзілістік арақатынаспен бөлініп – бәйіт деп аталатын өлең құрайды.

И.М.Фильштинский онан әрі созылыңқы және қысқа буындардың ауысып келуіне тікелей байланысы бар араб поэзиясында он алты өлең өлшемі бар екенін айтады да «Араб филологтары бұл өлшемдерді көшпелі бәдәуилердің көлігі болған түйенің жүру ырғағына байланысты туған» деген жорамал жасайды.

Араб поэзиясы төмендегідей өлең өлшемдерінен тұрады. Олар: **тауил** («ұзақ», «созылыңқы»), **басит** («кең», «мол»), **камил** («толық»), **рамал** («жүгіргіш»), **хафиф** («жеңіл»), **мутақариб** («із тастаушы»), **уафир** («мол»), **мадид** («ұзын»), **хазадж** («тарсыл»), **раджаз** («көркемдеу», «тақпақтау»), **сару** («жай»), **мунсарих** («еркін», «бос»), **мудару** («мударлық»), **муқтадаб** («қысқа»), **мутадарик** («толассыз»). Бәдәуи ақындары осылардың ішінен салмақты да салтанатты деп есептелінген **тауил мен баситті** көп пайдаланған.

«Классикалық араб өлеңдері негізінен – монорим. Сондықтан да олар көбінесе ұйқас атымен (мысалы, барлық өлең жолдары дауыссыз «лам»-ге бітсе «ламийа») аталатын болған.

Күні бүгінге дейін қолданылып жүрген қасыданың (көлемі кішігірім поэма) ірге тасы исламға дейінгі исламға дейінгі кезеңде қаланған. Қасыда әдетте елу немесе жүз бәйіттен тұрған. Ол кезде сондай-ақ белгілі бір тақырыпты сөз ететін құрылысы қарапайым жеті-он өлеңнен ғана құралатын қыта'а деп аталған өлең де болған. Қыта'а қасыданың бір бөлімі немесе жеке туынды ретінде де өмір сүрген».

Бәдәуи бәйіттері атты яки түйелі екі жолаушының ұшы-қиыры жоқ кең далада кетіп бара жатып бір жерге түстенуінен немесе көшкен бәдәуи жұртының ізін көруі, өткен өмірді еске алып күрсінуінен, қуануынан басталады. Жантақты күрт-күрт шайнап жатқан түйенің қасында отырып, ақын бақытты күндерін еске алады. Сүйіктісімен қайта кездескендей сезімде болады. Ақын өзінің сүйген жары жайлы сондай-ақ, араб даласы тіршілігінің алуан сыры туралы да толғанады, сыр шертеді. Сүйгенінің мінезін, кескін-келбетін суреттеп өтеді. Содан кейін ол әңгімесін кілт өзгертіп түйесін, тұлпарын мақтауға көшеді. Тұлпарының жүйріктігін, шыдамдылығын, сұлулығын айтады. Мұнан соң бірден өз руының батырларын, жауларының әлсіздігін айтып, бәдәуи өмірін баяндауға көшеді. Тайпа бірлігін қорғаған, жаулармен арпалыста ерлік көрсеткен баһадүрлерді суреттейді.

Бәдәуи поэзиясында хиджа («сатира»), газал («махаббат лирикасы»), уасф («табиғатты суреттеу»), мадх («мадақ»), фахр («өзін-өзі мақтау»), риса («элегия»), хамрийат («шарап жыры»), тардийат («аңшылық суреттері»), зухд («діни сарындағы жырлар»), нақайд («мысқыл»), насиб («әйел сұлулығын жырлау») секілді т.б. жанрлар болды. Әрине поэзияның осы аталған жанрларының өркендеуіне, кең тарауына ең алдымен, көшпелі бәдәуи өмір барынша әсер етті. Өйткені, әрбір тайпа көршілес тайпамен жанжалдасып, соғыса қалған жағдайда ақын өз руының туын жоғары ұстап, тек соғыста ғана емес, өнер сайысында да сынға түсетін болған. Мысалы, сол кезде-ақ есімі елге мәшһүр болған ан-Набиға өзінің дұшпаны Әмірге: «Әмірдің сөзінен ақылсыздықтың исі шығып тұрса, оған таңданудың реті жоқ, өйткені ол надан. Әмір, сен әкеңе ұқсашы, сонда ғана ес біліп, қара айырар біреуге тартарсың. Әй қайдам, сен адам болам дегенше шашың да ағарар. Қара қарға аппақ болар», - дейді. Бұл өлең жолдарын поэзияның «Хиджа» жанрына жатқызуға болады.

Риса жанрының шығу тегі де әріде. Жауымен арпалыста мерт болған ер жүрек бәдәуиді әйелі, туысқаны дауыстап жоқтайды. Бәдәуи ақынның батырдың ерлігін, мәрттігін, мінезін, кішіпейілділігін айтып мадақтайды. Өздерінің қатарында оның жоқтығына қабырғас қайыса қайғырады. Мәселен, бәдәуи поэзиясының тағы да бір талантты өкілі әл – Ханса майданда қаза болған ер жүрек ағасы Әбу Хасан Сахарды былай деп жоқтайды.

«Жоқ, сенің ардақты атыңды ұмытпаспын! Әбу Хасар Сахар қаза тапқан күннен бері мен барлық қуаныштан айрылып, бақытымнан біржола қоштастым. О, залым тажал! Қалай ғана біздің ыстық құшағымыздан Әбу Сахарды алып кеттің».

Қазақ әдебиетінде де жоқтау өлеңдерінің ертеден келе жатқан нұсқалары өте көп. Олардың алғашқы үлгілерінің тууына көшпелі бәдәуи поэзиясының ықпалы бергін келе де тиюі мүмкін. Өйткені, қазақ әдебиетіндегі жоқтау өлеңдерінің араб әдебиетіндегі риса жанрына жақындығы байқалады. Бірақ «қазақтар жоқтауын адамдарға ғана емес, төрт түлік малға да айтқан. Солармен мұңдасып, көңіліндегі күйікті таратқан».

Бәдәуи поэзиясының көп, әрі тез өріс алған жанрлардың бірі – газал. Бәдәуи өз ойы жайлы әйелімен, яки сүйгенімен ақылдасып отырған, - дейді Ханна әл-Фахури. Өйткені, әйелі оның тар кезеңде айнымас жолдасы, досы. Әйелі әрқашан батыр бәдәуидің қорғанышына зәру немесе оның көңіліне қызғаныш уын себуші. Бәдәуи ақыны өзінің махаббатын, сүйіспеншілігін жырына арқау етеді. Мұндай лирикалық өлең шығарушылар ішінен «поэзия падишасы» деген атақ алған Имрулар-Қайс және ибн тайпасында дүниеге келген көрнекті ақындардың бірі Адий бин Шаддадты атауға болады.

Шарап жайлы арабтың әл-Ааша және Тарафа секілді ақындарының өлеңдері бар.

Поэзияның өзге жанрларымен қатар «фахр» жанры да өмір сүрді. Мұнда ақын өзінің ерлігін, руының шығу тегін, тайпа өкілдерінің көптігін айтып мақтанады. Мысалы, Әмір ибн Кулсум өз тайпасы жайлы:

«Жер жиһанды түгел жайлағандықтан бізге енді жер үсті тарлық қыла бастады. Ал, теңіз бетін кемелерімізге қапталдық. Бұл дүниедегі күнге қыздырынатындардың бәрі де бізге бағынышты. Біз шабуыл жасасақ, жауларымызбен арыстанша алысамыз» - деп мақтанады.

Бәдәуи ғұмырында дүниеге келген осы жанрларда бергін келе белгілі араб шайырлары Абу Нуас, Хассан бин Сабит, Абу-л-Атаһиа өз өлеңдерімен араб әдебиетінің тарихында есімдерін қалдырса, Андалусия, Парсы, Үнді, Орта Азия халықтарының әдебиеттерінде де осы жанрларда жазып, поэзия аспанында жарқыраған ақындар толып жатыр.

Енді бәдәуи ақындарының өмірі мен творчествосына тоқталайық.

Әл-Мухалхил. 531 жылдар шамасында бәдәуилердің Таглиб тайпасында дүниеге келген көрнекті ақындардың бірі Адий бин Раба. Ол бәдәуи поэзиясының падишасы деп танылған шайыр Имру-л-Қайстың нағашысы.

Адий бин Раба «Әл-Мухалхил» деген лақап есімді отты сезімге толы, нәзік көңілді өлеңдері үшін алған. Ақын өмірі туралы бізге жеткен бір-ақ мәлімет бар. Ол «Басус інгені төңірегіндегі жанжалға» байланысты оқиға. Мухалхилдің Уаил атты сотқар, көрсеқызарлығы үшін Кулейб деген ныспы алған інісі болған. Кулейб Бакр және Таглиб

тайпаларының әскербасы қызметін атқарады. Бұл фәнидің әміршісі өзім ғана деп ұққан ол көршілес тайпаларға зәбірлік көрсете бастайды. Тіпті қонаққа келгенде мініп келген түйесімен бірге өзге түйелердің қатар жайылуын да жақтырмайды, намыс көреді.

Кулейб ер жеткен соң Шайбан тайпасының қызы Жәмилаға үйленеді. Жамиланың үйелмелі-сүйелмелі тоғыз інісі болған. Кенже інісі Джассас Кулейб секілді сотқарлау болады. Бірде Джассастың үйіне нағашы әпкесі Сараб атты түйеге мініп келеді. Түйенің «Басус» деп аталып кеткен кішкентай ботасы болса керек. Дәлелдегендей-ақ сол күні Жәмиламен араздасып шыққан Кулейб, жайылып жүрген түйенің ботасын көріп, садақпен атады да, қызметшілеріне кәрі інген Сарабты да өлтіруді бұйырады. Ауыр жараланған түйе бар даусымен бақыра Джассастың шатырына қашады. Шатырға жете құлап, жан тапсырады. Жүгіріп шыққан Джассастың әпкесі түйесін жоқтап жылай бастайды. Кулейбтің Джассас тайпасын қорлағанын айтып, кек алуға шақырады. Ашуға, намысқа шыдамаған Джассас Недж аңғарында аңшылықта жүрген жездесі Кулейбті мерт етеді.

Кулейбтің қазасын естіген әл-Мухалхил жақтастарын жинап, Бакр тайпасына соғыс жариялайды. Соғыс «қырық жылға» созылса керек. Бірде Тағлиб тайпасы ірі жеңіске жетеді де оған масаттанған әл-Мухалхил аңшылыққа кеткенде руының өзге көсемдері Бакр тайпасымен келісімге келіп, соғысты тоқтатып, бітім жасады. Бірақ қайта оралған әл-Мухалхил ашуланып, жанжалды қайта бастайды. Астыртын жансызын жіберіп Дассасты өлтірткізеді. Соңыра күтпеген жерден өзі де «жау» қолына түсіп қалады да, тұтқында жүріп 531 жылдары қайтыс болады. Ақын қазасынан соң, Хира әкімі Әмір ибн хинд екі жақты татуластырады. «Қырық жылға» созылған қақтығыс осылай біткен.

Әл-Мухалхилдің ел аузында көптеген бәйіттері қалған. Бірақ бізге жеткені Әбу-л-Фарадж әл-Исфahanидің «Китаб әл-ағани» жинағындағы өлеңдері ғана. Оның көпшілігі Кулейб өліміне байланысты жазылған элегия. Отыз жолдан тұратын «Кулейб» деген жоқтауында ол інісінің батырлығын, «кеңпейілділігін» мақтан етеді. Әл-Мухалхил элегияларынан ақынның інісіне деген сағыныш сазы, қайғылы көңілі сезіледі.

Аш-Шанфара. Ақынның толық аты Сәбит бин әл-Аус әл-Аздий. Аш-Шанфара лақап есімі. Оның өмірі туралы нақты деректер жоқ.

Халық арасына тараған аңыз-әңгімелерге қарағанда ақынның жастық шағы тайпаластарының ортасында өтеді. Аш-Шанфара алғашқы бәйіттерінде бәдәуилердің өзге ақындары сияқты тайпасының батырлығын, араб сахарасының кеңдігін жырлайды.

Сөйткен ақын өсе келе тайпалас шонжарлардан жәбір көреді де, туған жерін талақ тастап, жол аңдыған қарақшылар тобына қосылады. Көп ұзамай-ақ «баукеспе» ұры, «басбұзар» сотқар боп шығады.

«Аш-Шанфара өзіне жәбір көрсеткен Соломон тайпасының жүз кісісін өлтіруге ант берген. Бірақ көзі тірісінде тоқсан тоғыз адамын ғана жер жастандырған. Дұшпандары бірде қалың қол жиып келіп,

ақынды қапыда мерт етеді. Жеңіске масаттанып бара жатқан жауынгерлердің бірі Аш-Шанфараны қапыда өлтіргеніне қарамай, тағы да қорламақ боп аяғымен теуіп өткенде сүрініп кетіп құлап түседі де жан тапсырады. Жүзінші адам осылайша қазаға ұшыраса керек.

Аш-Шанфараның көптеген тамаша бәйіттері бар. Өлеңдерінде ол жалғыздықты, ерлікті жырлайды. Өзімен үзеңгілес қарақшылардың түрлі тайпаларға жасаған шабуылдарын жыр етеді. Ақынның 68 бәйіттен тұратын «*Ламийату-л-араб*» атты қасыдасы бізге жеткен. Мұнда ол өз туған мекенінен қалай қуылғанын, басына түскен жалғыздықты айтып қамығады. Бірақ, оны аштық та, суықтық та, көрген зорлық-зомбылығы да ешқашан мойыта алмайды.

Ақын өлеңдерінен еркін өмірдің самалы еседі. Ер көңілді шайыр қысылған сәтте де ешкімнен көмек сұрап жалбарынбады. Ол бірде бай болса, бірде кедей. Жоқ деп ашынбайды, бар деп тасынбайды. Өзгеден сұранғанша, аштықтан өлуді қалайды.

Жалғыз жүріп торығып, қайғырып, қапаланса да, ақын өлеңдерін оқи отырып, оның жүрегінен нәзіктік, адамгершілік отының сөнбегенін байқаймыз.

Имру-л-Қайс. Исламға дейінгі поэзия «падишасы» атанған ақын Недж даласында дәулетті бәдәуи әкімінің семьясында 500 жылдары дүниеге келген. Шайырдың әкесі Асад және Гатафан атты екі тайпаның көсемі болғандықтан болашақ ақынның жастық шағы алаңсыз, қамсыз өтеді.

Имру-л-Қайс бала кезінен-ақ өлеңдер шығара бастаған. Өз бәйіттерінде ол әкесіне жақын кісілердің кемшілігін мазақ етеді. Жұрт арасына таратады, әжуалайды. Әкесі оның мұндай «зиянды» өнермен айналысуына тиым салады. Ақыры әкесі Имру-л-Қайсты үйінен қууға мәжбүр болады.

Қуылған ақын жолдастарымен бірге араб даласының алуан түрлі табиғатын тамашалай жүріп алысқа ұзайды. Имру-л-Қайс бастаған өнерпаз жастар ойын-сауықтар қойып, талай таңдарды ойын-күлкі мен қарсы алып жүреді. Ақын өлеңдерінің мазмұндылығы артып, ой-өрісі кеңейе түседі.

Әкесінің қайғылы қазасын ақын Шамда жүрген кезінде естіп, қатты қайғырады. Өз үйінен аластап жіберген әкесін қанша жек көрсе де оның қазасы Имру-л-Қайсқа оңай тимеді. Ол енді әке кегін қайтармақ боп, ту көтеріп жорыққа аттанады. Бірақ сәтсіздікке ұшырайды. Ол жайлы Ханна әл-Фахури: «Имру-л-Қайс қолына қару алып жауын жеңе алмағанмен, қаламмен жеңді, араб әлеміне көркем сөздің құдіретті патшалығын жасады. «Қаңғырған ханзада» бәдәуи поэзиясының падишасы атанды. Қолына қалам алып, өлең өрнегім сөз кестесін зерлей алғанның бәрі де Имру-л-Қайстың атын атап, мінажат етті. Оның өлеңдері өзгелердің сезімдерін шарықтатып қиялына канат бітіруші еді», - дейді.

Уытты өлеңдерімен бірге Имру-л-Қайс қолына жалаң қылыш ала отырып, әкесінің жауларынан кек алмай тынбауға ант етеді. Әкесін қапыда мерт еткендер Асад тайпасының сотқар бәдәуилері еді. Имру-л-Қайстың кек алмақ боп қол жинап келе жатқанын естіген олар жанжалды бәйіт жолмен шешуді ойлап, келісімге келмеген жағдайда соғысқа дайындалу мақсатымен ақынға адам шаптырып, мұрсат сұрайды. Қаһарына мініп, ашулы келе жатса да кеңпейіл, үлкен жүректі шайыр оларға соғысқа дайындалуға рұқсат етеді.

Соғыстың алғашқы күндері-ақ Имру-л-Қайсты жолдастары сатып, жауының жағына шығып кетеді. Қатты қапаланған ақын аз қолмен болса да батыл соғысады. Жауын түбегейлі жеңбегенмен, әкесінің кегін қайтарғандай болады. Жаралы топпен кейін шегінеді. Ізіне түсіп, өкшелей қуған дұшпанының тұтқынына түсіп қалу қаупі төнген соң, ниеттес алыс елдерге барып, қол жиып қайта соғысу ойымен қызын сенімді досының үйіне қалдырып, Константинопольдің императоры Юстинианаға сапар шегеді.

Юстиниана Имру-л-Қайсты үлкен құрметпен қарсы алып көмек беруге әзір екендігін білдіргенімен уәделі мерзімін кешеуілдете түседі. Абиссинаның әкімі де екі ұшты жауап қайтарады.

Византия астанасынан Имру-л-Қайс қатты ренжіп оралады. Барар жер, басар тауын, келер күндерін ойлап қамығады. Аңсауы мен сағынышы мол өткен күндерін ойлап, жүрегіне мұң байланады.

Сөйткен ақын талай тиген суықтан, әрі аштықтан шешек ауруына ұшырайды. Көп ұзамай 540 жылдары қайтыс болады.

«Ақын қайтыс болғаннан кейін халық сүйікті шайыры жайлы көптеген аңыз-әңгімелер шығарған. Соның бірінде Имру-л-Қайсты жаулары Византияның императоры Юстинианаға жамандап, «сіздің қызыңызға ғашық, жақын күндері бұл бәдәуи алып қашып кетуі де мүмкін» деген өсек таратқаны туралы айтылады. Константинопольден туған жеріне қайтып келе жатқан сапарында Юстиниана Имру-л-Қайстың артынан жаушы шаптырып, улы жіппен тігілген шапан жіберткізеді. Имру-л-Қайстың қаза тапқанына себеп болған да осы жайттар еді», - дейді халық аңызы.

Сондай-ақ тағы бір әңгімеде ақын өлім халінде жатып Асиб тауының басына шығаруды өтінсе керек. Онда Имру-л-Қайстың жерлесі, ақын жас кезінде жақсы білген қыз жерленсе керек.

Имру-л-Қайстың 80 бәйіттік жинағы үш бөлімнен тұрады. Бірінші тарауында ақын – бәдәуи даласы, сүйіктісі Унейзамен қалай танысып, қалай ажырасқаны туралы айтады. Екінші бөлімінде Унейзамен өткізген күндеріне тоқталады. Үшінші бөлімінде ол табиғатты, аңшылық өнерді жырлайды. Ақын мұнда тұлпарына да әдемі сурет береді. Түнгі даланы, найзағайлы күндерді, туған сахарасын әдемі жырлайды.

Ақынның табиғат лирикалары өмірдің жарқын белестерін суреттеуге арналған. Сондай-ақ өз бәйіттеріне ол көңіл-күйін де араластырып отырған. Өйткені, туған мекенінен жақсылық іздерін

көркем дей жүріп, сұмдық сарқытына да ұшырасады. Айдалада жалғыз қалып, қауіп-қатермен де бетпе-бет кездеседі. Өткен жолын, көрген қиыншылықтарын, қуаныш-қайғыларын айта келіп, енді бірде ол бәдәуилердің ерлігі мен серілігін, даладай дархан пейілділігін, өнер мен ой биігі, жомарттық жылылығы сияқты тайпаластарының тамаша үлгілерін төгілтеді.

Әке өлімі жас ақынға қатты әсер етеді. Алдымыздан баяғы бозбала Имру-л-Қайс емес, есті, салмақты, ойлы Имру-л-Қайс бой көтереді. Енді балалықтан біржола айырылған, белін бекем буып, кек жолына аттанған азаматты көреміз. Сөйтіп жүріп ол ыстықты да, суықты да, өкінішті де, қуанышты да, сәтсіздік азабын да тартады – бірақ мойымайды. Соның өзі де бұрынғыдан бетер шыңдай түскендей.

Тарафа ибн әл-Абд. Ақын өмірі жайлы мәліметтерді Абу-л-Фарадж Исфаханидің «Китаб әл-аганинен» кездестіреміз.

Тарафа ибн әл-Абд 543 жылдары Бакр және Уаил тайпалары шонжарларының бірі Абд әл-Бакірдің семьясында дүниеге келеді. Ақынның әкесі мен шешесі бай, дәулетті бәдәуилер болған. Бірақ тарафаның жас кезінде әкесі қайтыс болады да ол нағашысының қолына көшеді.

Нағашылары оның өлең жазуына тыйым салған. Тарафаның істеген ісін жақтырмай, мал-мүліктерін талан-таражға салады. Жиенінің кедей екендігін бетіне басып қорлайды, түйелерін бақтырып қояды. Бірақ өжет ақын оған мойымайды. Шарап іше жүріп, жек көретін адамдарына арнап, уытты өлеңдер шығара бастайды. Бірде ол бағып жүрген түйелерінен айрылып қалады. Барымташы бәдәуилердің түйелерді айдап әкеткенін естіген нағашылары Тарафаның жер-жебіріне жетіп ұрсып, соңында үстін жара басқан қотыр түйемен жұртына қалдырып көшіп кетеді.

Жүрегіне мұң байлаған ақын жиһан кезіп кетеді. Сапарда жүріп суықты да, ыстықты да, ащыны да, тұщыны да көреді. Жалғыздық жанына батады. Айдалада қорғанышсыз қалып қамығады. Әкесін есіне алады. Ақынның осы жылдары шығарған бәйіттері бәдәуилер арасына кең тараған. Тарафаның есімін енді бәдәуилер қайсысы болса да жылы лебізбен айтатын болады. Араға уақыт салып барып ол нағашы еліне қайтып оралғанымен, енжар нағашыларымен шығыса алмай Хира шаһарына кетеді. Ол кезде Хирада шешесінің інісі әл-Муталаммис, жездесі Абд әл-Әмір ибн Башар тұратын.

Хира қаласының әкімі ибн Хинд ақынды үлкен ілтифатпен қарсы алады.

Хирада жүрген жылдары ол да өлең жазуын тоқтатпайды. Бірде бейқам жездесін уытты жырына арқау етсе, енді бірде балалық шағын, көңілді кездерін аңсайды. Қайта оралмас күндерін сағынады. Сөйтіп жүріп бірде ибн Хиндты, сондай-ақ оның інісі Қабулды да сын сағатынан құтқармайды. Ашуланған ибн Хинд Тарафадан өш алу жағын қарастырады.

Бір күні әміршінің шатырында үлкен жиын болады. Салтанатты кешке келген ақындар ибн Хиндтың байлығын, «жомарттығын» айтып мадақтай бастайды. Тарафа тіс жармайды. Ақындардың мақтауына мәз болған ибн Хинд бәріне шарап құюға жарлық береді. Осы кезде шатырға әміршінің қарындасы келеді. Мас болған Тарафа оны балағаттайды. Ыза болған Ибн Хинд Тарафаның да, әл-Муталламистің де көзін жоғалту жағын көздейді.

Бірде ибн Хинд Тарафаны шақырып, жылы шыраймен қабылдайды. Әл-Муталламис екеуіне екі хат беріп, Бахрейнге барып келуді, хатты сондағы бәдәуи көсеміне табыс етуді өтінеді. Жол жөнекей ибн Хиндтың «ыстық ықыласынан» сезіктенген әл-Муталламис ақынға хатты ашып оқуды ұсынады. Бірақ Тарафа көнбейді. Хатты иесіне табыс ететіндігін берген уәдесінің үдесінен шығатындығын айтады. Айлаке әл-Муталламис жолай христиан балаларын тауып хатты оқытады. Сөйтсе онда: «Осы хатты табыс етуші кісіні бара сала кісенде де, тірідей жерге көміп жіберіп, көзін жой», - деп жазылған екен. Әміршісінің айласын түсінген әл-Муталламис жатты жырттып өзенге ағызып жібереді. Тарафадағы хатты да ашып оқуды өтінеді. Бірақ бір мінез ақын айтқанынан қайтпайды. Дегеніне көндіре алмаған соң, ол жиенімен коштасып, Шамға сапар шегеді.

Тарафа хатты иесіне табыс етеді. Ол шайырдың аяқ-қолын кісендеп, тірідей жерге көміп жібереді. Талантты ақын осылай отызға жетпей қаза тапқан.

Ақынның біздің заманымызға 600-ге жуық бәйіттері жеткен. Шайыр бірде енжар нағашыларын жырына арқау етсе, енді бірде табиғатты суреттейді. Айнымас досы, сапарласы жалғыз түйесінің жүйріктігін, сұлулығын сипаттайды.

Көптеген зерттеушілер Тарафа творчествосын бәдәуи ақындары Имру-л-Қайсты, аш-Шанфара, әл-Мухалхил, ан-Набиға секілді т.б. ақындар творчествосынан жоғары қояды. Олар Тарафа бәйіттерінің өмірді өз қалпынан өзгертпей суреттейтінін тілге тиек етеді. Шынында да шайыр бәйіттерінен үлкен, салауатты, ақылды адамның өмірге көзқарасы сезіледі. Ақын өмірге ойлы, үлкен философтарша қарайды.

Тарафа өз міндетін қашанда атқарар қасиетті борышым деп ұққан. Ақын халық, Отан мүддесі үшін қандай бір қауіпті тапсырма болмасын, орындауға әзір. Халық мүддесін жеке басының мүддесінен жоғары қояды. Біреуден жапа шеккенімен, ол оған көмектесуге әзір. Панасызды әкеп лашығына қондырады.

Тарафа кейбір бәйіттерінде өзінің батырлығын, қолда барда алтынның қадірі жоқ дегендей, елінің оны түсініп, бағалай алмағандығын айтады.

Тарафа түйенің маң-маң басып жүріп бара жатқан кезін Парсы шығанағынан өзі көрген кемелерге теңейді. Кеме теңіз толқындарын жара жүзсе, түйе даланың ұшы-қиыры жоқ, шетсіз құмын жара жүріп барады, - дейді ол.

Тарафа өлеңдерінен сол дәуірде өмір сүрген жастардың талап-талғамы мен ой-пікірі анық сезіледі.

Әл-Харис ибн Хиллиз әл-Иашкари бәдәуилердің Бакр және Уаил тайпаларынан шыққан. Бұл шайыр жайлы да деректер өте аз. Ханна әл-Фахури ақын өмірі туралы мына бір мағлұмат келтіреді: «Бакр және Таглиб – ағайындас екі тайпа болатын. Бірде араға алауыздық араласып олар көпке дейін жауласуға мәжбүр болады... Қақтығыс әл-Мунзир араға түсіп, бітім келтірмейінше жалғаса береді. Бірақ екі тайпа арасында бітім ұзаққа бармай, соғыс өрті тағы да бұрқ ете қалады. Сонда олар ақ, қараны ажыратып, төрелік айтуды өтініп, Хира өлкесінің әкімі Әмір ибн Хиндке жүгініседі. Таглиб тайпасынан белгілі бектерден шыққан Әмір ибн Кулсум, ал Бакр тайпасынан ақын әл-Харис ибн Хиллиз сөз жарыстырып, өнер сайысына түседі. Әрқайсысы өз тайпасын арашалап, ақтап алуға тырысады. Әмір ибн Кулсум өз муаллақтарынан үзінді оқып, тайпасын мадақтаса, әл-Харис ибн Хиллиз оған аса салмақтылықпен өмірде көргені мен түйгені көп шайхы ретінде уәжді жауап береді». Сөйтіп ақынның шешендігінің арқасында Бакр тайпасының мерейі үстем болған.

Әл-Харис ибн Хиллиз ұзақ өмір сүріп 570 жылдары дүние салған. Оның өлеңдерінен біз асқан шешендігімен қатар тапқырлығы мен дарындылығын да байқаймыз. Ол екі тайпа арасындағы жанжалды суреттей отырып, өз тайпасын құр даурықпа, дәлелсіз, желбуаз сөздермен мақтамайды, сөзі мен ойын нақтылы, құлақ қояр деректерге құра отырып, істерінің әділ екендігіне әміршіні иландырады. Сөйтіп өз тайпасын түгелдей ақтап шығады. Соғыстың бітуіне ықпал жасайды: Ақын бәйіттерінің тілі де ерекше. Хира өлкесінің әміршісін мақтар тұста ол нәзік те биязы сөздерді таңдайды. Ал тайпасының ерлік істерін суреттейтін жерлерден соғысдабылының үні естіледі.

Әмір ибн Кулсум Таглиб тайпасының өкілі еді. Ақынның әкесі өз руының көрнекті адамы болса, шешесі Ләйлә ақын әл-Мухалхилдің қарындасы екен. Таглиб тайпасы араб түбегін мекендеген көшпелі бәдәуи тайпаларының ішіндегі ең азулысы да қарулысы болған. Ақынның балалық шағы өз тайпаластарының ортасында өтеді. Ақынның өмірі жайлы бізге жеткен мәліметтерде Әмір ибн Кулсумның бәдәуилерге тән ер жүрек, көзсіз батыр екендігі айтылады.

Тарафаның өміріне байланысты тарауда ақынның өліміне Ибн Хинд себепкер болғанын айтқанбыз. Ибн Хинд мақтаншақ, топас адам болса керек. Әлдекалай нөкерлері арасында отырып «Менің шешеме қызмет етпейтін араб бұл дүниеде жоқ» деп масаттанғанда Таглиб тайпасының бір кісісі: «Жоқ, қателесесіз, Таглиб тайпасының ақыны Әмір ибн Кулсумның шешесі Ләйлә, сіздің ондай сөзіңізге құлақ аспас еді», - дейді. Сасқалақтап қалған ибн Хинд: «неге?» - дейді.

«Өйткені, Ләйлә белгілі ақын әл-Мухалхилдің қарындасы, ал Әмір ибн Кулсумның өзі Күлейб ибн Уаилдің жиені, бәрі белгілі бектер, сіздің айтқаныңызды орындай қоюы екі талай» - дегенде, көп ойланған әмірші ибн

Кулсумге кісі жіберіп, шешесі екеуін қонаққа шақырады. Олар келер алдында ибн Хинд анасымен келісіп қояды. «Әмір ибн Кулсум Ләйлә екеуі келген соң, қызметшілеріңді таратып жібер де, Ләйләны жұмса, сөйтіп бір қорлайық», - дейді.

Көп ұзамай сұлтанның шақыруы бойынша ибн Кулсум Ләйлә екеуі қонаққа келеді. Тағам алдында ибн Хиндтің шешесі: - «Ләйлә анау тағамды әперіп жіберші», - дейді. Сонда Ләйлә: «керек адам өзі қолын созып алады» - деп орнынан атып тұрады да: «О, Тағлиб тайпасының батырлары. Әмір ибн Хинд бізді қорлау үшін шақырған екен ғой, қайдасыңдар» - деп айқай салады. Шешесінің дауысын естіген ибн Кулсум қолына жалаң қылыш ұстап көрші бір шатырдан шыға келеді. Сөйтеді де тұра ұмтылып, қару іздей бастаған ибн Хиндтің басын шауып түсіреді. Сәлден кейін олар жауының қолына түспей, араб даласына сіңіп кетеді.

Біраз уақыт өтпей ақ Тағлиб және Мунзир тайпаларының арасынан соғыс шығады. Бәдәуи тайпалары екіге бөлініп соғысқа қатысады. Әмір ибн Хиндтің баласы бір шайқаста кездейсоқ ибн Кулсумды қолға түсіреді. Бірақ ол Тағлиб тайпасы тыңшыларының көмегімен тұтқыннан қашып шығады.

Әмір ибн Кулсум ұзақ өмір сүріп, 600 жылдар шамасында, әбден қартайған шағында қайтыс болған.

Бәйіттерінде өзге ақындарға ұқсап Әмір де тайпасының батырлығын, ерлігін жырына арқау еткен. Сондай –ақ ақын бәйіттерінде әдемі табиғат көріністері де жиі кездеседі. Бірақ көбіне – көп Кулсум бәйіттерінен тайпасының ерлігін мақтан ету, жауынгерлік қасиеттерімен өзгелерді сескендіру лебі есіп отырады.

Ибн Кулсум өзіне дейінгі шайырлар стилін көп үйренген ақын. Қазақ арасына кең тараған шешендік сөздер де Кулсум бәйіттерінде жиі кездеседі.

Антара ибн Шаддад әл-Абси Недж даласында 525 жылдар шамасында дүниеге келген. Ақын әкесі Абс тайпасының көрнекті өкілдерінің бірі болған. Шешесі Зайбейба жаугершілік кезде Абс руының тұтқынына түсіп қалады да, соңыра оған Антараның әкесі үйленеді. Бәдәуи тайпасының қағидасы бойынша күннен туған ұл құл ретінде, қыз болса күн болып қалатынды. Сондықтан Антараның әкесі оны өз ұлым деп санамай, құлы ретінде ұстаған, түйе бақтырып, түрлі жұмысқа жеккен.

Антара жас кезінде соғыс өнерін жақсы меңгереді. Антарамен бірге құлдықта жүрген қарт кісілер оған ымырт түсіп, жұрт тыныс алғанда әртүрлі қызық әңгімелер айтады. Көшпелі бәдәуи батырлары жайлы ол қызық хикаялар естиді. Бала көңілі құлдықтан құтылып, өз намысын өзі қорғай алатын батыр болуды аңсайды. Бірде Тай тайпасының сарбаздары Абс тайпасын шауып жерін, малын тартып әкетеді. Шаддад Антарадан кек алуды бұйырады. Бірақ әкесінің ұлым деп танымай, құл ретінде жұмсап жүргеніне ренішті Антара: «Құл тек мал бағуды біледі, соғысу оның ісі емес», - дейді. Әкесі сөзден тосылады. Бірақ амалсыздан екінші рет шақырып жауынан өш алуды өтінеді. Жауын жеңіп Абс тайпасының малын қайтара алса, басына бостандық беретінін, өзінің ұлы деп танитындығын уәде береді.

Азғана жасақпен Антара бастаған топ жауды жеңіп қайта оралады. әкесі айтқан уәдесін орындайды. Антара бостандық алады. Осы кезден бастап жас батырдың атағы шыға бастайды. Бәдуәилер арасына оның ерлігі туралы аңыздар тарайды. Кейінірек Антара Абс тайпасы жауынгерлерінің әскери қолбасшысы болады. Түрлі жорықтарға қатысып жеңіспен оралып отырады. Жас батырдың даңқы әсіресе «ас-Дахис пен әл-Габра соғысында» шығады. Антара бұл майданда да талай ерліктер көрсетеді. Бірақ батырдың даңқы жайылған сайын, оның атағына қызығушылар мен қызғана қараушылар да көбейді. Олар Антара жайлы өсектер, жалған қауесеттер шығарып, оны Антараның ғашығы Шаддад қызы Аблаға да жеткізеді. Қыз жүрегінде Антараға деген жиіркенішті сезімін тудырады. Дұшпандары Антараға «сенің нәсілің қара, Аблаға тең емессің, ерінің де құлдардың ерні сияқты түріңкі, ұсқының да онша емес» - деп батырды қорлайды. Өзінің сәтсіз махаббатын ойлап антара жүрегі зар жылайды. Бірақ қыз жүрегі ерімейді.

Антара ұзақ өмір сүрген. Шамамен 615 жылдары 90 жасқа келгенде қайтыс болады. Ғалымдар батырдың Тай тайпасына жасаған шабуылы кезінде қапыда қаза тапқанын, өліміне бақталастарының себепші болғанын айтады.

Антара қаза тапқаннан кейін халық арасына оның ерлігі хақында көптеген аңыз - әңгімелер тарайды, ол туралы араб елдерінің ақын – жазушылары поэма, романдар жазған. Тіпті Антара араб халқының «Илиадасы» болып кеткен. Профессор А.Е.Крымский өз еңбегінде: «Мұхаммад пайғамбар да Антараны көре алмағанына қатты өкінген екен», - дейді. Өйткені, батырдың ерлігімен қатар бәйіттерінде де бәдәуилер жорыққа шыққанда ұран етіп айтып жүретін болған. Ақын творчествосында бәдәуи шайырларына тән қасиеттердің бәрі де кездеседі. Мысалы, тайпасы және өзінің ерлігін жырлау, Аблаға деген шынайы махаббаты туралы бәйіттерінің мазмұны Антараның бәдәуи ақындарының ізімен жүргендігін байқатады. Бірақ ақынның өзіне ғана тән жырлары да жоқ емес. Онда ол өзгелерді қайталамай өзіндік өрнек құрған. Тайпаластарының өзін құл деп қорлағанын, Абланың да сол себепті Антараға мойын бұрмағандығын жүрегіне мұң байлай жырлайды.

Антара поэзиясында махаббат (газал) лирикасының орны ерекше. Ақын жүрегі Абла есімін атағанда қуаныштан дір ете қалады. Ол алыс жорықтрда жүргенде де Абла есіміне сыйынып жауына шүйлігеді. Кейде ол қап-қара мақпал түндері шалқасынан жатып жұлдызын іздейді. Одан Аблаға деген ыстық та, тәтті сағыныш жеткізуді өтінеді. Ақын жүрегі Абланы атаса өрекиді. Жападан жалғыз қалғанда сүйгенін еске алып жас балаша көзіне жас алады. Қара нәсілдігін бетіне басып, қарамай қойған сұлу қызға Антара өзі әдемі жігіт болмаса да, батыр екендігін, майданда көрсеткен ерліктері жайлы әңгімелейді.

Антара өз бәйіттерінде әңгімелеу мен суреттеу тәсілін көбірек қолданады. Айқасқан жауының тұлпарын, батырдың түр-тұлғасын, қару-жарағын сыпаттайды. Антара жауын осал етіп көрсетуге тырыспайды. Ол да ер жүрек. Бірақ Антара алдында қашанда жеңіліс табады.

Шайыр өз муаллақтарында ерлігімен қатар жауының батырлығын, алғырлығын қоса мадақтайды. Сондықтан да ақын жыры қарапайым, әрі шындыққа толы. Антараның соғыс соғыс даласын суреттеген бәйіттерін оқи отырып, екі батыр қылышының дыбысын естігендей боламыз.

Антара өз поэзиясында метафора, афоризмдерді жиі қолданған. Олар әсіресе ақынның жауынгерлердің қару-жарағын суреттейтін жерінде жиі көрінеді.

Абу Ақыл Ләбид ибн Рабиа Мудар тайпасы шонжарларының семьясынан шыққан жауынгер ақын. Ол 560 жылы туылып өмірінің көпшілік бөлігін көшпелі бәдәуилер арасында өткізген. Түзде жүріп дархандықты, қайырымдылықты, жомарттықты бойына сіңіріп, көрген-білгенін жыр тілімен айта білген дарынды ақын. Өмірінің күзінде ислам дінін қабылдайды да араб әдебиеті мен мәдениетін, өнерінің алтын бесіктерінің бірі болған Куфа қаласына қоныс аударып, 661 жылы жүз жасап шаһит болады.

Иәбид муалақтарының көпшілігі (барлығы 88) камил өлең өлшемімен жазылған. Өз жырларында ол замандас, әріптес ақындары секілді бәдәуилер тұрмысын мадақтайды. Бірақ Ләбид әсіресе тардийат жанрында алдына жан салмай, алқымы іспес ақиық атанған. Аңшылық өмірдің сан алуан сәттерін табиғат құбылыстарымен байланыстыра отырып әдемі жырлаған. Астындағы желмаясының жылдамдығын жел айдаған алабарқын бұлтқа немесе сары далада шаң ілестірмей жортқан дала аруы бөкенге теңейді. Сондықтан да Ханна әл-Фахури «Ләбид бәдәуилердің қатал өмірін қаз-қалпында, бар шындығымен, шынайылығымен, таңғажайып табиылығымен жырлай білген» ақын деп әділ баға береді.

Хиджа мен мадх жанры көрнекті өкілдерінің бірі әл-Хитайиа атанған Джаруал ибн Аус (?-679) сатиралық өлеңдерімен аты шыққан ақын. Бәдәуи шайырларының барлығы тайпаларын жер көкке сыйғызбай мақтап, даңқын асыруға тырысса әл-Хитайиа керісінше туыстарына сатира жебесін атқылаған. Тайпаластары туған жерінен қуғаннан кейін ақын қайын жұртын паналауға мәжбүр болады. Бірақ от тілді ақын ол жерде де ұзақ аялдай алмай, ақыры дала кезіп кетеді. өмірінің соңғы кезеңінде әл-Хутайиа ислам дінін қабылдағанымен оған онша ықылас білдіре қоймаған. Сөйткен ақын 679 жылы қайтыс болады. Ханна әл-Фахури ақын өлімі жайлы былай дейді: «Қайтыс болар алдында ол өзін есек үстіне мінгізіп көзі жұмылғанша одан түсірмеуді өтінген. Өйткені қасиетті адам төсек үстінде көз жұмбауы керек деп ойлаған.

Әл-Хутайиа творчествосын өзге бәдәуи ақындарынан бөле-жара қарау мүмкін емес. Бұл ақын да әлеуетті кісілер сыйлықты қанша көп берсе, мадақ өлеңді соншама көп төккен. Ал. Енді өзіне қарсы келгендерді қашан да сын садағынан құтқармаған.

Әл-Хутайиа өзі нысана еткен адамын мақтау үшін әсіре қызыл сөзді аямаған. Сөйтіп ол нағыз сараң дегендердің де қалтасын қаға алған.

Табиғатынан қыңыр әл-Хутайиа әдетте жұрт мақтаған адамды сынауға әуес болған. Сондықтан да оны көрген жұрт ақын мысқылынан сескеніп, сыйлық беріп құтылып отырған. Шайырдың сатира жанрына жиі баруына

ақын шаңырағына мәңгілікке қонақтаған мұқтаждық себеп болған. Омар ибн әл-Хаттабтың өзі әл-Хутайиаға үш мың дирхам бере отырып, мұсылман қауымына тіл тигізбеуді өтінсе керек. «Байқа, адамдарды мысқылдауды, әжуа етуді қой» деген Омарға: «Жарайды, бірақ туыстарым аштан өледі ғой, өйткені мысқыл оларды асырайтын жалғыз қаражатым емес пе?», - деген екен.

Ақын сатирасы қарабайыр, қарадүрсінділіктен ада. Сондықтан да ақын творчествосына Ханна әл-Фахури: «Әл-Хутайиа шығармаларын ыждаһаттылықпен қарап, мұқият өңдеген. туындыларын жиі түзете отырып, құрылым құрылысы өз ойынан шықпайынша, кедір-бұдырын жоймайынша жария етпеген. Әл-Хутайиа бойына біткен дарынын пайдакүнемдік мақсатқа бағыштағанымен ақындық шеберліктің нағыз өнер екенін жадында ұстап, өлеңдеріне шын мәніндегі суретші ретінде үңіліп, әрбір сөзіне терең ой жібере қараған. Бұл ретте ол Зухайр ибн Аби Сулма стиліне табынып, таңырқап, соның ізімен жүруге тырысқан», - деп жоғары баға береді.

Жоғарыда аттары аталып өмірі мен творчествосы арнайы сөз болған шайырлардан бөлек аталған кезеңде әсіресе Рабия, Қайс, Тамим тайпаларынан шыққан Тааббата Шарран, әл-Қайма әл-Фahl, әл-Мураккиш әл-Акбар, әл-Асгар, ас-Самуал ибн Адийа, әл-Мусаккаб әл-Абди, Уруа ибн әл-Уард әл-Абси, Адийа ибн Зайид, Умайиа ибн Аби ас-Салт, бүкіл Шығыс жұртына аты мәлім Хатим атТайй, әлХанса секілді ақыдар бәдәуи поэзиясын алға сүйреген.

Осы ретте жоғарыда келтірілген топ ішінен әл-Ханса атты ақынды бөле жара айта кеткен жөн.

Әл-Ханса атанған ақын қыз Умм Әмір ТумаDIR бинт Әмір ибн аш-Шарид бәдәулердің Сулейм тайпасының белгілі бегінің семьясында 575 жылы дүниеге келген. Бәдәуилердің Мудар тайпасының ақындық мектебінен өткен.

Әл-Ханса екі рет тұрмыс құрып өсе келе белгіі жауынгер, бекзадалар болған ұл мен қыздары дүниеге әкелген. Сондай-ақ ақының жау жүрек әрі сотқар аға-інілер де көп болған. Әл-Ханса атағы риса жанрында шыққан. Ақын әсіресе Абу Сахар қайтыс болғанда қабырғасы қайыса қайғырып, көптеген элегия шығарған. Ағасының қазасын көп жоқтағаны сонша ол көзінен айрылып мүгедек халге түседі. Соңыра ислам дінін қабылдап, оның ұраншыларының біріне айналды. Әл -Ханса ұзақ өмір сүріп 89 жасында 664 жылы қайтыс болған.

Сарай шайырларының поэзиясы

Көрнекті ақындар аш-Шанфара, Имру-л-Қайс, Әмір ибн Кулсум, Антара ибн Шаддад творчествосы бәдәуи өмірі мен тұрмысына тығыз байланысты болса, ал енді 16 ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ан-Набиға аз-Зубиани, әл-Ааша секілді базбір шайыр жырларынан сарай өмірі, немесе өзге ел мәдениетінің әсер-ықпалы байқалады. Дей тұрғанмен сарай ақындары да бәдәуи шайырларының ежелгі дәстүрінен бірден қол үзіп кете алмаған. Сарай ақындары творчествосында тек мадх жанрына жататын өлеңдер басым болған. Сөйтіп бірте-бірте бәдәуи өмірін жыр еткен

ақындардың орнына сый-сияпатты көбірек алу мақсатымен түрлі әкімдерді көбірек жырлаған ақындар көбейе бастайды. Олар қасыдаларының мадх бөліміне ерекше көңіл аударады. Солардың бірі **Ан-Набиға аз-Зубиани**. Ол Недж өлкесінің солтүстік шығыс бөлігінде ғұмыр кешкен Зубиан тайпасындағы көрнекті ру басының семьясында дүниеге келген.

«Набиға» (талант) деген лақап ат оған ақындық шеберлігі және сол кездегі өзі тұстас ақындардан оқ бойы оза көрінгені үшін берілген.

Ол өмір сүрген кез Арабияда мемлекеттердің пайда бола бастаған тұсы болатын. Бәдәуи тайпалары өз үстемдігін орнату үшін бір-бірімен соғыса берді. Әлсіз тайпалар солтүстік Арабияның әміршілерінен қолдау іздеді. Зубиан әулеті де көп жылға созылған Аббас әулеті өкілдерімен болған соғыс кезінде Хира әкімдеріне арқа сүйеген, солардың көмегі арқасында иеліктерін кеңейтеді. Мұндай соғыс Хира мен гассандықтар мемлекеттерінің арасында да жүріп жатты. Гассандықтарды Византия, ал Хираны сасандық парсылар қолдайды. Сасандық Хормазд бізге белгілі Әмір ибн Хинд өлімінен соң(579-590) оның орнына Ан-Нуғман У ибн әл-Мунзирді тағайындайды.

Ан-Нуғман У поэзияны ерекше қастерлеген. Сондықтан да ол атағын шығару үшін сарайына белгілі ақындарды топтастырады. Солардың ішінде Ан-Набиға аз-Зубиани да болды.

Шығыстанушы әдебиетші ғалымдар, Ан-Набиғаның сарайда өткізген өмірі кісі қызығарлық болмағандығын жазады. Жаулары Ан-Нуғман У-ге ақын атынан өлең жазады. Онда әміршінің қорқақ, жауыз, қанышер екендігі айтылады. Ақынның өзі де сол тұста әмірше алдында бірнеше қателіктер жібереді. Мысалы, ол бірде әміршінің әйелі ұйықтап жатқан бөлмеге кіріп оның сұлулығын суреттейтін қасыда жазады. Ашуланған Ан-Нуғман оны қатты жазалауды бұйырады. Ан-Набиға 587 жылы гассандықтар билеп тұрған өлкеге қашып кетеді. Гассандық Әмір IV ибн Хинд ақынды құшақ жая қарсы алады. Ан-Набиға оны мадақтап бірнеше қасыдалар шығарып, ол үшін көп сыйлық алады.

Гассандықтар сарайында біраз тұрған ақын еді күтпеген жерден Хира қайтып оралмақ боп ан-Нуғман V-ге арнап бірнеше қасыдалар шығарады. Онда ол Хира әміршісінің ұлылығын мадақтаумен бірге даналығын Соломон патшаға, мырзалығын Евфратқа теңей отырып: «Шындығында сен күнсің! Ал басқа падишалар жұлдыздар ғана. Күн көкжиектен кнөтерілгенде, жұлдыздардың бірде-біреуі көрінбейді емеспе», - дейді. Ан-Набиға суреттеуге, бейнелеуге шебер шайыр. Өзге сарай ақындарынан оның басты ерекшелігі деп өлеңдерінде салыстыра суреттеу әдісін көп пайдаланғанын айтамыз. Мысалы, ол гассандықтар әскерінің жеңісі туралы айта отырып, бір топ құстарды да қабат алып суреттейді. Құстар поэмада олардың жеңістерінің куәгерлері ретінде көрінеді.

Ан – Набиға саяси лириканың да негізін салушы. Өйткені ол өзө руының ішкі істеріне көп араласқан. Руының саяси өмірімен жан-жақты таныс бола отырып, ан-Набиға олардың жағдайының жақсаруы үшін барлық амал-тиәсілдерді пайдаланады. Оның таланты мен ақындық құдірет күші, айтысқа икемділігі де осы саяси өлеңдерінен айқын байқалады.

Ан-Набиға аз-Зубиани бәдәуилер поэзиясында өзіне лайық орны бар ақын. Оның шығармалары шешендік тілімен ғана емес, сонымен қатар көркемділігімен де ерекшеленеді. Сондай –ақ ол Хира және игассандықтар мемлекетінің бір-бірімен қарым-қатынасы мен бақталастық-бақастығы және Византия мен Сасандық парсылар арасындағы күресті дәл көрсетуімен бағаланады.

Әл-Ааша Абу Баср Маймун ибн Қайс 530 жылдары Иаманда Бакр трайпасында дүниеге келеді. Жас кезінде ақынның ата-анасы қайтыс болады да ол нағашысы әл-Мусайба ибн Аласаның тәрбиесінде өседі. Ақынды өлең өнеріне тартқан да көргені, көңілге түйгені көп әл-Муксайба ибн Аласа. Бірақ әл-Ааша білімінен гөрі, бұзақылық, шарап ішіп шатақ шығару ісіне әуестеу болып өседі. Жиенінің мұндай қылығына наразы болған нағашысы оны қуып жібереді. Ақын араб даласын аралау үшін алыс сапарларға аттанады. Ащыны да, тұщыны да көреді. Ауылық ты да, жеңілдікті де бастан көшіреді. Хиджаз даласы мен Хираға, Оман мен Палестинаға, Ирак пен Персияға барады. Ақынды болған жерлерінің барлығы үлкекн ілтифатпен қарсы алып отырған. Өйткені, ол шығарған өлеңдер мазмұндылығымен, ойлылығымен өз оқушысының көңілінен шығып отырған. Әл-Ааша туралы замандастарының бірі: «Егер ол бюіреуді мавқтакр болса, ол адам тез көтерілер еді, ал гер жамандаса ол адаммен ешкім сөзге келмей қашушы еді», - деген. Сондықтан да дәулетті еісілердің көпшілігі әл-Аашаны өз ықпалында ұстау жағын қарастырады. Әл-Мухаллак дщеген адамның көп отырып қалған қыздары болса керек, ол әл-Аашаны қонаққа шақырып, жалғыз түйесін сояды. Қонақұ етеді. Бірер күндерден соң ақын Указ жәрнменкесінде әл-Мухаллакқа арнаған өлеңдерін оқиды. Сол күні –ақ әл-Аашаның мақтауымен жәрменкедегі жігіттер әл-Мухаллактың үйіне жүгіреді. Қыздарына үйлену тілегін білдіреді. Біраз күндерден соң қыз әкесі дәулетті кісілердің қатарына қосылады.

Әл-Ааша ұзақ өмір сүріп 661 жылдары қайтыс болған. Ақын алғашқы өлең жолдарын сүйген қызы Хурейраға арнаған. Екеуінің таза мөлдір махаббатын жыр еткен. Сонан соң көрген, болған жерлері хақында айтады.

Әл-Ааша сыйлықты көп бергендерге өлеіді көп арнаған ақын. Сондықтан да болар әл-Ааша тұстарының бірі: «Өлең үшін сыйлықты көп алғанды санаса, бірінші әл-Ааша тұрар еді» дегшен екен. Ақын творчествосында кеңпейілдік, жарлыға жәрдекм көрсету мәселесі де көбірек қозғалады. Басына бақытсыздық орнаған жандарға өз көмегенін аямайтынын ақын мақтаныш етеді.

Әл-Ааша творчествосында әсіресе табиғат лирикасы жиі кездеседі. Ақын Парсы даласының ұшан-теңіз құмын, тау-тасын әдемі суреттейді. Күле аққан бұлақтарына да келісті сурет береді.

Әл-Ааша жалған сезімге беріліп, бәйіттер шығармаған. Ол не айтса да көңіл кестесіне өрнектеп айтады.

Әл-Ааша бәйіттері музыкаға бейім келеді. Мұнда шашау шығып тұрған сөз, орынсыз теңеуді табу қиын. Сондықтан да әл-Ааша замандастары оған кезінде «санаджату л-араб» деген атақ берген.

Проза. Бәдәуилер заманында проза кенже қалған жанр болатын. Бұған қарап араб халқында прозалық шығармалар болмаған деген ой тумаса керек. Оларда көне заманнан бастап ауыздан ауызға көшу арқылы сақталып қалған аңыз, әңгімелер, мақал, мәтелдер, жұмбақтар өте көп.

Бәдәуи прозалық шығармалары ішінен біз афоризм мен шешендік сөздерді және баяндау түрінде келетін әңгімелерді айтамыз.

Шешендік сөздер көшпелі бәдәуилер арасында кеңінен белгілі болған. Өйткені бәдәуилердің бірнеше тайпалары жанжалдыасып соғысып қалғанда, немесе жер дауы, жесір дауасы мәселесін шешкенде, бітімге келіп берешек, алашақтарын бөліскенде екі жақ та шешендерге жүгініскен. Бұл жағынан бәдәуилер қазақ табиғатына тым жақын.

Баяндау, әңгімелеу де исламға дейінгі араб әдебиетінде өзіндік орны бар жанр. Тайпа арасында болған жанжал мен қақтығыс, соғысты бәдәуилер қарасөзбен де баяндаған.

Исламға дейінгі бәдәуи прозасының өкілі деп Кусс ибн Саид пен Аксам ибн Сайфиді атаймыз. Біріншісі негізінен бәдәуилердің пұтқа табынушылығын жойып, бір Аллаға құлдық ұруды насихаттап, осы мазмұнда көптеген шешендік сөздер қалдырса, ал Аксам ибн Сайфидің шешендік сөздері парасаттылыққа, әсіре қызыл, көпірмеліктен қашып мәнді өмір сүруге шақырады.

ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АРАБ ӘДЕБИЕТІ (VII ғ. Соңы мен XII ғ.)

Орта ғасырлардың алғашқы ширегіндегі әдебиеті

Мұхаммед қайтыс болған соң оның ісін халифа («орынбасар») деген лауазым қабылдаған Абу Бакр (632-634), Омар ибн әл-Хаттаб (634-644), Осман ибн ас-Садик (644-656), Али ибн Абу Талиб (656-661) секілді ізбасарлары жалғастырған.

Әуелгі халифаларға Арабияның әр жерінен көрінген түрлі көтерілістер мен өзін «пайғамбар» жариялағандардың қозғалыстарын білектің күші, найзаның ұшы арқылы басуға тура келген. Осындай көтерілістер мен қозғалыстарды болдырмаудың бірден бір жолы өзге жерлерді басып алып, қолға түскен әскери олжаны бөлісіп отыру еді. Оның үстіне сол жылдардағы халықаралық жағдай да ойды іске асыруға әбден-ақ қолайлы болған. Мысалы, Византия мен Иран арасындағы ұзаққа созылған соғыс (602-628) екі үлкен мемлекетті әлсіретіп, әбден титықтатады. Осыны пайдаланып үлкен әскери жинақ жасай алған арабтар Иран және Византиямен бір мезгілде соғыс жүргізе отырып, 640 жылы Палестина мен Сирияны, 640-642 жылдар арасында Мысырды бағындырған соң Солтүстік Африкамен жылжи отырып, 649 жылы Карфагенге жетеді. 634-351 жылдар арасында олар Иранды түгелдей жаулап, бір кезде атағы жер жарған сасандықтар державасын жермен-жексен еткен. Сондай-ақ олар 658 жылы Армения мен Грузияның да бірқатар жерлеріне туларын тігеді. Кейінірек өздері басып алған ел-жұртқа арабтар көптеп қоныс аударып бастайды.

Осы тұста ғұмыр кешкен бәдәуилер әдебиет пен мәдениет орталығы болған Сирияда тұруға ынтыққан. Мұнда олар бұрынғы ақындар айтысы кезіндегідей ру, тайпаларын мақтап қарсыластарын ащы мысқылмен

сынаулы жалғастыра береді. Өйткені «бір-бірімен жаудай жағаласқан түрлі топтар мен ағымдар өз ақынын ұстағысы келген. Сондықтан мадх, хиджа жанры бұрынғыдан да жандана түседі. Көптеген соғыс, қақтығыстар уасф жанрының тақырыбын да кеңейткен. Қасыдаларда жорықтарды, әскери қару-жарақ, қорған, қамалдарды сипаттау көріне бастайды. Поэзия афоризмге байи түседі. Дәстүрлі көне нақылға қорған, қамалдарды сипаттау көріне бастайды. Поэзия афоризмге байи түседі. Дәстүрлі көне нақылға жаңа құрани сөздер қосылады... Жаулап алушылардың әдебиетіне бағындырылған елдер мен мәдениеті әсер ете бастайды. Парсы поэзиясының ықпалымен араб поэзиясы жарқырай да қарапайымдылана, әуездене түседі. Бейнелеу тәсілдері мен образдар жүйесінде ақындық қияли және жанды, әрі дәл елестету молая түскен. Бірақ халифа сарайлары ірі мәдени-әдеби ошаққа айналып тайпа ақындарын өзіне ынтықтырып шайырларды бәдәуи ортасынан, дала табиғатынан бірте-бірте алыстата түседі. Мұның өзі бұрынғы нақ әрі дәл қабылдауды жоғалтуға әкеліп соқтырмай қойған жоқ. Нәтижеде поэзияда жасандылық белгілер пайда бола бастайды».

УМАЙИАДТЫҚ САРАЙ АҚЫНДАРЫ

Қоғамда, өмірде өзгеше бетбұрыс жасалған VIIғ. соңы мен XIғасырдың басында өмір сүрген ақындар ішінен біз атақты әл-Ахтал, әл-Фараздақ, Джарр секілді үш шайыр творчествосын бөле жара қараймыз. Бұл ақындарды араб әдебиетшілері әдетте «саяси поэзия» өкілдеріне жатқызады.

«Саяси поэзия» бәдәуилер заманында тайпа патриоттығы фанатизмінен аса алмаған болса, жаңа дін тұсында тайпа аралық қақтығыстардың сирексуіне байланысты әдебиеттен бірте-бірте жоғала бастаған да еді. Енді міне, уамийадтар үкімет басына келген жылдары ол қайта жанданады. Өйткені көрігін барынша қыздыруға тырысқан.

Әл-Ахтал, әл-Фараздақ, Джарирді қазіргі түсініктегі «саяси поэзия» өкіліне жатқызуға болмайды. Олар сарайдағы саяси өмірге белгілі бір шамада араласқандарымен саясат олар үшін тайпа, ру мүддесін қорғаумен аяқталып жатқан. Олар белгілі патрия, яки бір саяси мақсатты көздегендіктен де емес, күн көріс қамын ойлағандықтан ғана еді. Бұлардың творчестросы бәдәуи поэзиясының барлық жанрларымен тығыз байланыста жатты.

Крест тағып жүргендігі үшін **Әл-Ахтал атанған Абу Малик Гияс ибн Гаус ибн ас-Салт** Хира маңын мекен еткен христиандық Таглиб тайпасында 640 жылдары дүниеге келеді. Анасынан ерте айрылған әл-Ахтал өгей шешесінің қолында өсіп жетімшілікті көп көреді. Мысқылға толы алғашқы жыр жолдарын сондықтан да осы өгей шешесіне арнаған.

Ақын ғұмыр кешкен кез уамийадтар мен ансарлықтардың жауласып алма-кезек жеңіске жетіп жатқан тұсы болатын. Әл-Ахтал уамийадтар жағына шығып, олардың мемлекет басына келуінің заңды екенін дәлелдемек боп қасыдалар шығарады. Онда ол уамийадтар жауларына барынша шүйлігеді. Қурайшылықтардың мәртебелі, қасиетті рудан шыққанын ескерте отырып, ансарларды жерге соғады. Сөйтіп ақын бірте-бірте уамийад тайпасының туын желбіретіп көтеруші сарай шайырларының біріне

айналады. Өз өлеңдерінде ол халифа тағын умайядтарға бір алланың өзі жібергенін ескертеді. Осындай адал қызметі үшін халифа Иазид оны Дамаскіге шақырып ресми түрде сарай ақыны деп жариялайды. Халифаттың саяси өміріне белсене қатысқан ақын өз руының мүддесін де ұмытпаған.

Әл-ахтал қасындағыларында бәдәуи поэзиясының мадх, хиджа, фахр, уасф, хамрийат, риса секілді дәстүрлі жанрларының көпшілігі кездеседі. Бірақ, ол әсіресе, мадх, хиджа, хамрийат жанрларында алдына жан салмаған.

Әл-Фараздақ атанған Абу Фирас Хаммам ибн Галиб ибн Сааса 641 жылы Ирактағы Басра шаһарында дүниеге келген. Жас кезінен кемшілік, жоқшылық, қиыншылықты көрмей, білмей шолжаңдап өскен ақын бертін келе бірбеткей, өрмінез, қадірсіз, кесірлі адам саналған. Умайядтық әкімдер де оны табансыздығы мен екіжүзділігі үшін жек көріп маңына жуытпауды жөн көрген. Сол себептен де ол туған жерін тастап Мекке, Медине, Имен, Бахрейн, Палестина, Дамаск секілді қалалар мен елдерді аралап кетеді. Умайяд әміршелерінің бірі әл-Хаджаджды да әуелде сын садағына алғанымен кейінірек жазадан қорқып мадақтауға мәжбүр болады да, ол қайтыс болған соң даттауға көшеді. Міне, принципсіз, жалтақ ақынның ғұмыры осындай мінезі үшін қауіп, қатерге, қысылтаяң күндерге толы болған. Ондай сүреңсіз жылдар ақын творчествосына да әсерін тигізбей қоймайды.

Әл-Фараздақ творчествосы да ақын мінезі секілді шым-шытырық. Шайыр туған туысқандарын, жақын-жолдастарын, тіпті бала-шағаларын да титтей кінәсы үшін аямай мысқылдаған. Бірақ ол өз тайпасының абыройын жан салып қорғаған. Оған тіл тигізіп, намысын аяққа таптауды өзіне ар санаған.

ХИДЖАЗДЫҢ МАХАББАТ ЛИРИКАСЫ

Әдебиет пен мәдениеттің Мекке мен Медине атырауынан алыста жатқан Сирия мен Месопотамияға қоныс аударуы Арабия шонжарларының рухани жағдайын біршама мүшкіл еткен Бірақ Сирияда патшалық құрып бақталастарымен дайымы күрес жүргізіп жатқан умайядтық халифалар мекукеліктерді саясаттан аулақ ұстау мақсатымен жорық кезінде қолға түскен әскери олажалардың көпшілік бөлігін Арабияға жөнелтеді. Осындай шалқыған байлық, қамсыз көңіл, Хиджаз өлкесіне қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған тыныш заман әкеледі. Арабияда лирикалық поэзия жанадана бастайды. Күрес, тартыстан тыс қалған Хиджаз ақындары енді жеке бастың көңіл-күйін шертетін поэзияны дамытады. Бірте-бірте Недж бен хиджаз даласына елінен қуылғандар мен умайяд үкіметінің саясатына наразылар, қайырымдылық пен үлкен үлкен армандарды мұрат тұтқан кедей-кепшік топтары жинала бастайды...ал енді отырықшы арабтардың шалқыған байлығы, бақ дәулеті – сары уайым әкеледі...Ғұмырын мәнсіз өткізіп, қызық қуып күнәға батқан жастар тобы пайда болады. Олар бар уақытын қарауындағы құлдары мен күндерін ертіп көңіл көтерумен өткізген. Бірақ жастардың мұндай көпшілік бөлігі негізінен ән салу және музыкамен айналысқан....Бұл әсіресе Медине шаһарына тән жайт еді.....

Бәдәуи поэзиясында лирикалық өлеңдер әдетте қасыда кірімспесінің қызметін атқарып өзінің жеке дара мазмұны болмайтын. Қасыдада ақынның негізгі ойын айтуға ғана көмектесетін әдіс іспетті еді ол. Ал енді умайыадртар тұсында лирикалық шығармалар жеке жанрдарға айналды, ақындар лирикалық өлеңдерге қасыданың жеке формасы ретінде қараған... лирика көптеген жаңа элементтертер қосылған, Шайырлар махаббаты, ғашықтықты, махаббаттың адам көкірегінде тудыратын қайғы-мұңын, үміт, төзім секілді сезімдерін жырлайды. Сондықтан да енді қасыданың бұрынғы лирикалық кірімспесіне қарағанда рухани жағынан бай, мазмұнды, терең бола түседі. Ақындар өлеңдеріне көңіл-күйлерін қоса бастайды. Сондай-ақ лирикалық өлеңдер ән ретінде айтылатын болғандықтан да оның тілі де жалпыға бірдей түсінікті әрі қарапайымдана түседі. Поэзияның бұл түрі нағыз халықтық поэзияға айналды. Тіпті оның ән болып айтылуы, жұртқа тез тарауына да септігін тигізген.

Махаббат лирикасы әсіресе, Мекке қажылық маусым басталған тұста көбірек айтылған. Сондай-ақ әншілердің өздері де әндерін Мекке, Медине секілді шаһарлармен қатар ел қыдырып жүріп көшпелі немесе отырықшы бәдәуилер арасын да таратқан.

Арабияның махаббат лирикасын екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі: қалалық (умарлық) лирика болса, екіншісі далалық көшпелі бәдәуилер (узрлы) жырлаған махаббат лирикасы.

Бәдәуи лирикасында қаймағы бұзылмаған, адал да таза махаббат жырлаған. Оның көрнекті өкілдері деп Бусайна, сұлуды жыр еткен Джамил ибн Маамар, Тауба ибн Хумайраның сүйіктісі болып Мәжнүн атанған ақын әл-Амирилерді айтамыз.

Қала лирикасы еркін мазмұнды өлеңдерден құралды. Мұнда эротикалық ләззатты жыр ету натуралистік әдіспен берілетін еді. Оның көрнекті өкілі Омар ибн Раиа.

Хиджаз ақындарының лирикалық шығармалары жоғарыда айтылғандай міндетті түрде музыкамен сүйемелденгендіктен өлең жолдары «уафир», «хафиф», «рамал», «мутақариб» секілді өлең өлшемдеріне құрылды.

БӘДӘУИ АҚЫНДАРЫНЫҢ ЛИРИКАСЫ

Махаббат лирикасының бұл түрін көшпелі бәдәуи ақындары дүниеге әкелген. Солардың бірі Хиджаз өлкесінде туылған Джамил ибн Маамар әл-Узри. Болашақ ақын жас кезінде бір туысының Бусайна атты қызына ғашық болады. Қыз да Джамилге кет әрі емес көңіл білдіреді. Бірақ қыздың ата-анасы екеуінің махаббатына қарсы болады. Ақын өз сүйіспеншілігі жайлы өлеңдер шығарады. Оны жұрттың жаттап айтып жүруі қыздың ата-анасына ауыр тиеді. Джамил басына өлім қауіпі төнген соң ел аралар кетеді, әуелі Иаманға, соңыра Сирияға сапар шегеді. Сөйткен ақын 704 жылы Мысырда қайтыс болады.

Абу-л әл-Исфәһани өзінің «Китаб әл-ағаниінде» Джамилдің өмірі жайлы мынадай деректер келтіреді: «Қайырымсыз қазаның жақындап қалғанын сезген Джамил бір кісіні шақырып алып: «Егер қаласаң мен саған бар байлығымды қалдырайын. Бірақ сен бір өтінішімді орындайсың ба?» -

деп сұрағанда әлгі адам келісім береді. Сонда Джамил: «Мен өлген соң үстімдегі киімдерімді шешіп алып бөлек қой, қалған мүлік сенікі. Сонан соң түймеме мін де Бусайнаның руы қоныс тепкен жаққа жөнел. Жеткен соң, менің киімімді ки де жағаң мен жеңінді жырт. Узра тайпасы қоныстанған жердегі төбеге шық та мен үйреткен бәйітті айт» дейді.

Әлгі адам бәйітті қайталап айтып, жаттап алады да Джамил көз жұмған соң, уәдесін орындайды.

Бұл өлеңдерін естіген Бусайна: «Егер сен шындықты айтсаң, мені өлтіргенің, ал егер өтірік айтсаң, масқаралағаның» деп зар еңіреп қоя береді. Хабаршының шындықты айтқанына көзі жеткен соң бетін жырттып, ес-түссіз құлап түседі. Маңындағы әйелдер Бусайнаның есін жиғызған кезде ол жылай отырып, сүйіктісі қайтыс болған соң өзі үшін өмірдің мәні қалмағанын айтады.

Ақын Бусайнаға арнап көптеген өлеңдер шығарған. Джамил өлеңдері сезімге толы. Ол өзі өлсе де махаббатының өлмейтініне, өшпейтініне иландырады.

ШАҒАР АҚЫНДАРЫНЫҢ ЛИРИКАСЫ

Қала лирикасы көшпелі бәдәуи лирикасынан өзгеше ортада дамиды. Жаңа жерлер басын алу жорықтарынан Арабияға қайтып оралған араб жасақтары өздерімен бірге Иран мен Византиядан көптеген құлдар мен күндер айдап әкеледі. Олардың ішінде өнер адамдары да болған. Мекке мен Медине бекзадалары осындай өнерлі құлдар мен құлдар мен күндерді сарайларына көбірек жинап, түрлі әдеби, мәдени кештеріне оларды да қатыстырып, музыкалық аспаптарда ойнатқан. Олар арабтарға сазды да әуенді Иран мен Византия музыкасын, биін үйреткен.

Өмірлерін ойын-сауық, қызық қуумен өткізген ақсүйек шонжарлар ұшарын жел, қонарын сай білген көшпелі бәдәуилердің әдет-ғұрпына жиіркенішпен қараған. Бәдәуи ақындары жырлаған тақырыптарды сырттай ғана мақұлдап «жұмақ», «екінші дүние» секілді түрлі діни сенім-нанымға ықыластары бола қоймаған.

Шынында да «Хиджаз өлкесіндегі қала өмірінің жағдайы Мекке мен Медине тұрғындарының психологиясын, әдет-ғұрпын тез-ақ өзгерткен. Ілімді жақтаушы сырттан келгендер Хиджаздың ескі патриархалдық моралін қиратады...»

Қала лирикасы көрнекті өкілдерінің бірі, өмірі аңызға толы **Омар ибн Аби Рабиа**. Ол 655жылы Мединедегі бай саудагерлердің семьясында туған. қын өмірінің көпшілік бөлігін Меккеде өткізген. Ол да өзге ақындар секілді Араб даласын көп аралап соңыра Сирия мен Месопотамияға сапар шегеді.

Омардың өмірі жайлы тарихи деректер өте аз. Ол негізінен қала өмірін жырлаумен аты шыққан ақын. Омар творчествосынан сарай ақындары мен тайпа, ру шайырлары творчествосынның әсерін табу қиын. Ол ру намысын жоқтап, тайпа соғысын, тайпа, ру жеңісін де жырламаған. Омар өлеңдерінің бәрі де өзінің сүйініші мен күйініші, ішкі сезім құбылысы жайлы сыр шертеді.

Омар ибн Аби Рабиа араб ақындарының ішінен шыққан бірінші қалалық шайыр. Қала лирикасының асқан шебері атанған ақын махаббат лирикасын жеке жанрға айналдыруға үлкен роль атқарды.

Омар ибн Аби Рабиа өз творчествосында ежелгі бәдәуи поэзиясындағы өлең өлшемдерінен бас тартып «рамал», «мунсарик» секілді жеңіл өлшемдерді пайдаланған. Мұның өзі ақын өлеңдерін жаттап алуға өте оңтайлы болған.

Сөйтіп, араб поэзиясындағы лирикалық бағытты ұстанған ақындардың көшбастаушысы атанған ақын сексен жыл өмір сүріп 711 жылы Иаманда қайтыс болады.

ОРТА ҒАСЫРЛАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ШИРЕГІНДЕГІ ПРОЗА

Уамайадтық халифалар билік құрған тұстан поэзиямен қатар прозалық шығармалар да біршама қанат жаяды. Соның ішінде прозаның хитаба, расаил, таукийат секілді түрлері ерекше өріс алған. Бұған кезекті шабуыл басталмас бұрын әскер қолбасшыларының жауынгер рухын көтеріп діни фанатизм отын үрлей түсу үшін жасақ алдында сөз сөйлеуі мен халифалар сарайында болған сөз өнері айтысында немесе тайпа тартысы кезінде де шешендік сөздерге көп мін берілуі де қамшы болған.

Прозалық шығармалардың қолдау тауып өріс алған жерлері деп араб әдебиетшілері әуелі Хиджазды атағанымен сөз майталмандары Ирактағы Басра мен Куфада және Бағдадта жиірек бас қосқан. Олар жаңа дінді кеңірек насихаттау үшін базарлар мен жұрт жиірек жиналатын өзге де елді мекендерді көбірек таңдаған.

ҮІІ-ҮІІІ ғасырларда өмір сүрген сөз өнері майталмандарының ішінен көрнекті орын алатын шешендердің бірі қазақ арасында «Әзірет Әлі» деген атпен белгілі болған төртінші халифа Али ибн Талиб (600-661). Ол жайлы деректерді де біз Ханна әл-Фахуридің бізге белгілі еңбегінен табамыз.

Али жас кезінен-ақ сөзшеңдігімен ғана емес, көзсіз ерлігімен де аты шыққан. Жастық шағын Мухаммадтың жанында өткізген ол пайғамбармен бірге талай жорықтарға қатысқан. Майдан даласындағы жаужүректігі үшін «Сайфу-л-Ислам» (исламның қылышы) деген атақ та алған.

Али кейінірек Мухаммадтың қызы Фатимаға үйленіп, одан Хасан мен Хусейн (қазақ арасында Асан мен Үсен, азербайжан халқында Гасан мен Гусейн -Ә.Д) атты екі ұл келген. Мухаммад қайтыс болған соң халифаттағы үкімет билігі әуелі Абу Бакрге, сонан соң Омарға, кейінірек Османға тиеді. Али олардың сенімді көмекшісі әрі ақылшысы болған. 656 жылы Али халифа болады.

Али шешен ғана емес, сондай-ақ ақын да болған. Біздің заманымыздың алпысыншы жылдарының басында оның шығармалары бірнеше дүркін Бейрутте, Каирде, Делиде, Тегеранда басылды. Қазақ арасында да Алидің жорықтары мен жеңістерін баяндайтын сан түрлі қиссалар кеңінен белгілі болған.

Он бірінші ғасырдың басында әдебиетшісі Аш-Шариф ар-Радж Али айтып еді делінген үндеулер мен бұйрықтар, хаттар мен арнаулар, шешендік сөздерді жинап «Наһджу-у-балаға» деген атпен жариялаған.

Алидің нақыл сөздері әдетте қысқа, мағынасы терең болып келеді. Ол жинақталған өмір тәжірибесі мен ұзақ ой жемісі секілді. Формасы жағынан әсем, нақышты, образды болғандықтан да Али шығармалары оңай есте қалады. Мысалы, «Шегінген кезінде ажал артында тұрады, онымен кездеспей қалмайсың», «Шыдамның екі түрі болады – жек көргендіктен ғана шыдау және сүйгендіктен шыдау», «үлкен байлық – ақыл, ең үлкен кедейлік – надандық, ең үлкен ақылшы – дер кезінде берілген кеңес, ең үлкен мирас – әдептілік».

Алидің арнаулары мен шешендік сөздері де өзінің қысқалығымен, жүйелілігімен, автордың жан-жақты ой иесі екендігімен, білім беретіндігімен ерекшеленеді. «Есте ұстандар, тайпаның алдыңғы – жанары, ал алдыңғы жасақ жанары – алдыңғы отряды. Байқандар бөлініп, адасып қалып жүрмендер. Тоқтасандар, бірге кідіріндер. Жолға шықсандар тағы да бірге жүріндер. Егер қараңғы түнге тап болсандар, өздерінді найзамен дуал етіп қоршандар, терең ұйқыға кетпендер, көз шымырын алғанда да сак болыңдар»- дейді ол.

КЛАССИКАЛЫҚ АРАБ ӘДЕБИЕТІНІҢ ГҮЛДЕНУІ

«ЖАҢАРУ» ДӘУІРІ

Бұл кезең әдебиеті VIII ғасырдың ортасы мен IX ғасырдың алғашқы ширегі аралығын қамтиды.

«Жаңару» дәуірінің поэзиясы жағынан біркелкі емес еді. Себебі бұл тұста әдебиет саяси және мәдени өмірге кеңес дәуірінің белгілі арабист - әдебиетшісі В. И. Беляев айтқандай - жаңа күштер келген. Оның үстіне астанаға шақырылған өнер адамдарының көпшілігі Ирак, Иран және Орта Азиядан шыққандар болатын.

Алғашқы аббастық халифалар тұсында жаңа әдебиет, жаңа әдеби дәстүр қалыптасып үлгермегендіктен де поэзияда ешқандай бірлік байқалмайды.

Сондай-ақ, аталған дәуір поэзиясы билеуші феодал топтарына қызмет еткендіктен де одан халықтық сипатты табу қиын. Ақындар сарай шонжарларына және ірі феодалдарға жақын жүрген. Кейбіреулері тіпті билеушілер тобынан шықты, яки соларға жақын адамдар болды немесе уәзір, мемлекеттік хатшы қызметін атқарады.

«Жаңару» дәуірінің ақындары тайпа тақырыбы және тайпа дәстүрімен біржола қоштасқан. Ақынның жеке басы тайпа бірлігінен алыстай түседі. Қайс пен Имандық тайпалар арасындағы соғыс, қақтығыс, жанжалдар тиылған соң поэзияда тайпа өмірін жыр ету өмір сүруін тоқтатады.

«Жаңару» дәуірінің көрнекті ақындарының бірі **Башшар ибн Бурд** 714 жылы Басрада қыс құюшы парсының семьясында дүниеге келген. Әкесі арабтың Укайл тайпасына қарасты бай әйелдің құлы болғандықтан да жас Башшар өмірдің тауқыметін көріп өседі. Аштық пен жоқтық болашақ ақын шаңырағына мәңгі қонақтайды. Сондықтан да оның алғашқы өлең жолдары базарлы балалық шағының қиындықпенен өткенін суреттеуге арналған.

И.М.Фильштинский еңбектеріне сүйенсек, Башшар ибн Бурд өмір сүрген тұста арабтар тасын қалаған «Басра Куфа секілді тағы басқа қалалар дәстүрлі араб мәдениетінің шоғырланған жерлері болғанын көреміз. Басып алынған

уалайаттардағы арабтандырылған халық араб мәдениетімен етене жақын танысқысы келген кезде көшпелі бәдәуилермен қатынасқа түскен. Араб емес ортадан шыққан қалалық араб филологтары лексика, фразеология және синтаксистің даулы жерлері жайында ежелгі араб поэзиясы мен Құраннан уәж таба алмаса, талас мәселесінің, жай–жапсарын шешу үшін қалаға келген көшпелі арабиялықтарға хабарласқан. Филологтар және де қалалық ақындар таза араб тіліне жетік бола түсу үшін бәдәуилер арасында ұзағырақ ғұмыр кешуді немесе бәдәуилермен қатынасты соза түсуі мансұқ еткен.

Өз өнерін көрсету үшін қалаға келген бәдәуи ақындары жиналатын Мирабтың түйе базарында Башшар ибн Бурд та өзінің ақындық шеберлігін ұштап, классикалық өлең өрнегінен тағылым алады.»

Басра ортасы Башшар ибн Бурдқа басқа жағынан әсер еткен. Мұнда ислам дінінің түрі ағымдары өмір сүрген. Болашақ ақын солардың қайсысына табан тірерін білмей көп дағдарады. Сондай-ақ, ортодокс–сыңаржақтар жас ақынды зиндик ағымына ілесті деп кіналаумен бірге «жеңіл», «ұрыншақ» мінезі де қатты сынға алған.

Башшар есейгеннен кейін де Басрадағы көптеген ақын, әнші, ғалымдардан қол үзбейді. Әсірес, оған өзінің жерлесі ибн Ата көп көмек көрсеткен. Өнерпаз достарының арқасында жағдайын тез түзеп алған Башшар енді араб шонжарларының ғұрпын бұзып өзі ғашық болған күнге арнап өлеңдер шығарады. Басра әкімдері ақынды ақыры 744 жылы туған қаласынан аластайды.

Осыдан бастап ақын Ирактың оңтүстігіндегі Харранда, Куфада күн өткізіп, түрлі әміршілерге мадақ өлеңдер арнайды. Сөйткен Башшар туған жеріне тек 762 жылы ғана емес қайта оралып, халифа әл –Мансурмен әл –Махдиге арнап мақтау жырларын шығарады. Халифалардың сарай ақыны дәрежесіне қолы жетеді. Бірақ шайырдың шындықты жасырмай бетке айтатындығы, халифа састырып, соңыра олар ақынға «күпір», «ислам дініне қарсы қозғалыс қоғамының мүшесі деп» жала жауып, сарайдан қудырады. Ашынған Башшар өткір тілді хиджаларымен халифа әл –Махдидің өзін де аямай әжуалаған.

Ханна әл–Фахури Башшарды діни және моральдық қағиданы сақтамаған әдепсіз мінезі тұрақсыз, өз ойы жиі өзіне жиі қарсы шығып, уәдесін әсте де орындамайтын адам еді деп кіналайды. Сөйткен ақынды ислам дінінің заңдылықтарын бұзды деп ақсүйек топтарының өсектеуіне ерген халифа 784 жылы жетпіс дүре соқтырып өлімші етіп сабатқан.

Башшар умаийадтың және аббас әулеттерінен шыққан халифалар билік құрған кезеңде өмір сүргендіктен де ақын творчествосынан осы екі дәуірдің тіршілік –тынысы, сондай – ақ парсы әдебиетінің ықпал-әсері де айқын сезіледі. Екі халық, екі әдебиетке тел қозы боп өскен Башшар творчествосы ерекшеліктерінің бірі де осында болса керек.

Башшар өлеңдерінен мадх, хиджа, ғазал секілді дәстүрлі жанрлардың барлығын да ұшырастыруға болады, бірақ ақынның мадақ өлеңдері ежелгі бәдәуи ақындарының дәстүрін сақтайды.

Башшар нысана еткен адамын жер-көкке сыйғызбай мақтап, оның сыйлық бермеске мұршасын келтірмеген. Әсіресе ақын бай адамның «жомарттық» жағына көп тоқталған. Тілмесек шайыр сыйлықты аз алса, оған қоқанлоқы көрсетіп, сыйлықты үстемелеп беруді талап етуге де әзір. Міне осындай мадх жанрына жататын жырларын ол байыпты да салмақты тауил өлең өлшемімен жазған.

Не бары отыз бес жыл ғұмыр кешкенімен артына әлем халықтарының игілігіне айналған өшпес мұра қалдырған

Абд Алл ибн әл- Муқафф араб мемлекетін умайядтар әулеті билеп тұрған тұста 724 жылы Иран еліндегі бұрынғы Джур, қазіргі Фирузабад деген жердегі салық жинаушы парсының семьясында дүниеге келген.

Абд Алла парсы әдет-ғұрпымен тәрбиеленіп, парсы әдебиетін жетік біліп өседі. Иран жұрты Ислам дінін қабылдап, негіздерін мойындағанымен Абд Алла өз дініне (зороастризм) жасырын табына берген.

Оқуға, өнер – білімге өте қабілетті, зерек Абд Алла жас кезінен – ақ парсы халқының ежелгі тілі пахлауиді үйреніп, тіпті көне қолжазбалардың оқуға жетік те болып алады. Кейінірек араб тіліне ықыласы ауып, оның да нағыз машһүр білгірі атанады.

Абд Алла өз өмірінің ішінде парсы халқының классикалық шығармаларын араб тіліне аударумен қатар аббастықтар мемлекетінің күрделі мәселелерін сөз ететін толып жатқан еңбектер жазған. Соның бірі «Сахабалар жайлы трактат» атты еңбегінде ол әскер топтары мен олардың міндеттері, жасақтарды соғыс өнеріне үйрету, әскер тұрмысы мен мәдениеті жайын әңгімелейді.

Абд Алла ибн әл –Муқаффаның екінші бір «Үлкен істер үшін ақыл –кеңес (нұсқау, ереже)» «Кіші істер үшін ақыл –кеңес (нұсқау, ереже) » атты трактатында мораль мәселелері сөз болады. Алғашқысында ол әміршілер мен олардың бағыныштылары, достар мен олардың өзара қарым – қатынастарын әңгімелей келе досты іс үстінде сынап, таңдау керектігіне кеңес берсе, екіншісінде жалпы адамдардың өзара қарым – қатынасы, олардың ішкі, сыртқы жаулардан қалай бірігіп қорғануы мен халифалардың қарапайым халық алдындағы борышын әңгімелейді.

Ғалым, жазушының аталған шығармалары парсы, үнді, грек әдебиеті мен мәдениетінің әсерімен жазылған.

Абд Алла әл – Муқаффа өз дәуірінің кемшіліктерін жіті көре білген адам. Қоғам кемістігінің кінәсін ол халифалар мен түрлі әміршілерден , қазылар мен салық жинаушылар ішінен іздейді. Ондай кемістіктерді тудыратын бірден –бір себепкер деп надандықты, білімсіз, оспадарлықты атайды. Сөйтіп ол өз шығармаларын қоғамын «аурудан» айықтыруға тырысады, оған түбегейлі реформа жасау керектігін айтады. Бірақ Абд Алла әл–Муқаффаның атағы жоғарыда сөз болған шығармаларымен емес, әлем мәдениетінің алтын қорына қосылып, жер шары жұртшылығының сүйіп оқитын «Калила мен Димна» атты тамаша еңбегімен шықты.

«Калила мен Димнаның» жазылу тарихы жайлы зерттеушілер арасында пікір ортақтығы жоқ. Орта ғасырлық шежірені, тарихшы ибн халликан мен

әл–Джазих аталған шығарманы «Абд Алла ибн әл–Муқаффаның өзі жазған, онда айтылатын өсиет уағыздар жауапкершілігінен сескеніп өзінің төл туындысын ол аударма дей салған» деген жаңсақ пікір айтқан.

«Калила мен Димна» үнді халқының санскрит тілінде жазылған шығармасы. Санскрит тілінде ол әуелде «Панчатантра» деп аталған. «Панчатантра» адамды әділдікке, қайырымдылыққа, даналылыққа үйретуді уағыздайтын үнді ертегі, өсиет, аңыз, әңгімелері.

Жинақ бес тараудан («Панчатантра»-бес кітап) тұрған. Біріншісінде – достық жігінің ажырауы, екіншісінде – достар табу жайы, үшіншісінде – қақтығысу, төртіншісінде – табылып, қолға түскеннен айырылып қалу, бесіншісінде – ойланбай жасалынатын іс мәселелері сөз болады.

Осы ретте айта кететін жайт «Панчатантра» санскриттен алғаш паһлауи тіліне аударылғанда оның негізгі кейіпкерлері екі шиебөрі Каратака мен Даманаканың аты дұрыс тәржімаланбай, ол кейінірек ҮІ ғасырда сирия, ҮІІ ғасырда Абд Алла ибн әл-Муқаффа араб тіліне аударғанда «Калила мен Димна» боп қате қалыптасып кетеді.

«Калила мен Димнаның» алғашқы нұсқасы мен араб тіліндегі аудармасының біраз айырмашылығы бар. Себебі, Абд Алла ибн әл-Муқаффа бұл шығарманы өз заманы мен қоғамның тіршілік–тынысына жақындатқызғысы келіп еркін аударған. Атақты ғалым, белгілі аудармашы мақсатына біршама жете алған деуге болады. Өйткені араб халқы «Калила мен Димна» аударылған кезден бастап-ақ оны өздерінің төл шығармасына балап кеткен. Мұны ливандық әдебиетші ғалым, сыншы Хусаин Мурууға «Ат-Тарик» журналының 1956 жылғы сегізінші санында «Калила мен Димна» араб халқының таза мұрасы деп қостайды. Сондай-ақ ол кітаптың үштен бір бөлігін Абд Алла ибн әл–Муқаффаның өзі жазған немесе кейінгі ғасырларда араб авторларының бірі жанынан қосқан дей келе бұған мысал ретінде жинақтағы «Ибн әл–Муқаффа жазған алғысөзді», «Димна ісінің тексерілуі», «Софы мен қонақ», «Көгершін мен түлкі және көкқұтан туралы сөз», «Тышқан патшасы мен оның уәзірлері» туралы деп аталатын тауарларды келтіреді де кітаптың қалған бөлімдерін шын мініндегі аударма деп тануды ұсынады. Шынында да бұған «Калила мен Димнаның» парсы тіліндегі нұсқасын жіті қарап араб тіліндегі варинатымен салыстырудан көруге болады.

«Калила мен Димна» аудармасының дүниежүзіне таралу

СХЕМАСЫ



Араб тілінде

Көне сирия тілінде

Ибн әл-Мукаффа

(570 ж)

(750 ж)

Көне испан

Көне латын

Көне иврит

1 рет парсы

Грек тілінде

Жаңа сирия

Тілінде (1250 ж)

Тілінде (XII ғ)

тілінде (1270ж)

тілінде

(1080 ж)

тілінде (X-XI)

Орта ғасыр соңындағы

(1980ж)

латын тілінде (1313)

тілінде

2 рет парсы

Ежелгі славян

Итальян

тілінде Ануар

тілінде

(1583ж)

Сухайли (IXғ)

Италия тілінде

Жаңа испан

неміс тілінде

Султан Сулайман

Парсы - үнді

тілдерінде

(1552 ж)

тілінде (1493ж)

(1480)

үшін түрік тілінде

Ибарданеш (996

х.ж)

Ағылшын

Италия

Голланд

Дат

«Хумайн нама»

(XX ғасыры)

тілінде

тілінде (1548)

тілінде

тілінде

Француз тілі (1724ж)

Орыс

тілінде

И.Ю.Крачковский,

(1957)

Араб тілінде

Л.Шейхо (1905)

И.П.Кузьмин

(1962)

ЕЖЕЛГІ ДӘСТҮРГЕ ОРАЛУ ДӘУІРІ

Аббастықтар халық көтерілісінің жеңістерін пайдаланып үкімет басына келгенімен халық үмітін ақтамаған. Халық қозғалысы сондықтан да әрі қарай жалғаса береді. Мысалы, 751 жылы Бұхарада Шарик бастаған көтеріліс бүркі ете қалса, 776-778 жылдары Мауареннаһрде Муханна бастаған көтеріліс тасқындап, кемерінен асып жатады. Әсіресе 815 -837 жылдары Оңтүстік Әзірбайжаннан басталып Иранның Исфahanы мен Керманына дейін құлаш ұрған Бабек бастаған шаруалар қозғалысының дүмпуі алысқа жеткен. Күрес әлеуметтік теңдік пен жеп жүзі барлық адамдарының бірдей правоға ие болу керектігін ту еткен.

Реакция толқыны әдебиетке де тиген. Ортодокстықтар әдебиетте ежелгі араб формасына қайта оралу ұранын көтереді. Олар «жаңару» әдебиетіне дүрсе қоя беріп, маулалардың «модернизіміне» араб дәстүрін саналы түрде қарсы қояды. Осындай сана–сезімнің тоқырауға ұшырап тұрған тұсында ежелгі бәдәуи әдебиеті поэзия мен этика идеалының қайнары іспетті түсіндіріліп қабылданған. Ежелгі батырлықты паш еткен поэзияның бүтіндігі мен өнеге боларлық тазалығы «жаңару» дәуіріндегі гедонистік поэзияның шектен шыққан арсыздығына қарсы қойылады. Сондықтан да «ежелгі дәстүрге оралу» дәуірінің ақындары мен сөз зергерлері бірінші болып көне араб поэзиясының антологиясын жасауға, араб поэтикасының теоретиктері болуға, классикалық стилистика заңдылықтарының ережесін қисындап тұжырымдауға құлаш ұруға көшеді...

Сөйтіп арада жүз жыл өтіп үлгермей–ақ Абу Нуас қайтыс болған соң алға қойған мақсаты бұлыңғыр да шым–шытырық, тұлдыр «жаңару» қозғалысы дәуірінің әдебиеті құлдырай бастаған. Шарап ішкіштер кружоктары мен ар–ұятты аяққа таптаған маскүнем дырдулық, азғындық азайып бірте–бірте ол жоғала бастайды.

Ежелгі дәстүрге қайта оралу дәуірі ақындары көне бәдәуи поэзиясының көрнекті өкілдері творчествосына көп еліктейді. Олар образ жазу, эпитет, метафора, суреттей, бейнелеу секілді өнерде де Имру-лҚайс, Тарафа ибн әл-Набиға аз-Зубийани секілді шайырлар шиырынан көп ретте шыға алмаған. Кейбір ақындар тіпті мадх жанрындағы өлеңдерінің атын өзгертіп әлденеше кісілерге арнағанын да ұшыратамыз.

IX ғасыр ақындарының өлеңдері авторларының білімділігімен де ерекшеленеді. Бірақ олар сезімін, әсерін жырлаудан гөрі көргенін, естігенін айтып тізбектеуге жиі бой ұрған; Құран мен Хадис оқиғаларын өлеңмен қайта жырлауда да жаңашылдықтары байқалмайды. Бірақ бір қызығы «жаңару» дәуірі ақындары мен бермей сыртқа тепкен батырлықты жырлау жандана бастады.

Өз талаптарының қайнар көзін уасф жанрында аша білген бәдәуи ақындары Араб даласының түрлі көріністерін жырға қостың, Мағриб пен

Мысырдың өзендері мен көлдерін, таулары мен тастарын, талдары мен жанға сая жасыл жапырақтарының әдемі көріністерін кестелей білген.

IX ғасыр ақындары жырларынан олардың ежелгі бәдәуи ақындарының өлеңдерін қағып-сілкіп, жаңа өң бергені секілді әсер аламыз. Осындай ілгері бастырмас ежелгі дәстүрлер аясынан шыға алмаған кездің өзі де араб мәдениетін алға сүйреген Абу Таммам, Ибн ар-Руми, Ибн әл-Муғтазз, әл-Джахиз секілді ақын-жазушыларды өмірге әкелген.

ӘДЕБИ СИНТЕЗ ДӘУІРІ

Оныншы ғасырдың ортасында-ақ экономикалық дамулары әр түрлі ұлттық жағынан ала-құла аббастықтар халифаты сөгіліп, әркім өз алдына әкім болған дүрбелең де аламантасыр жылдар шарықтау шыңына жетіп еді.

Самандықтар әулеті билеген Орта Азияда әдеби, мәдени орталық ретінде Бұқара қаласының даңқы шығады. Бірақ Х.А.Р, Гибб Бұхараға қарағанда, Хорезм өлкесінің кіндік қаласы болған Хиуа шаһарының әрі сауда, әрі ғылым астанасы болуымен атағы шыққанын, мұнда әсіресе діни бағыттағы ғылым салаларының айрықша дамығанын айтады. А,Хорасан өлкесінің бас қаласы болған Хорасан шаһары мақам жанрының авторы болған атақты әдебиетші Хамазани мен ғалым ас-Сағалибилердің арқасында тарихта аты қалған.

Осы ретте айрықша тоқтап айта кететін жайт – сөз болып отырған дәуірде жоғарыда аты аталған ақын, әдебиетші, ғалымдардан басқа араб әдебиеті мен мәдениетінің тарихында лайықты орны бар, творчестволары үлкен зерттеулерді қажет ететін ибн Кутайба, Абу-л-Аббас әл-Мубаррад, Абу Бакр ас-Сули секілді әдебиетшілер, Диана ад-Дин ибн әл-Асир, Мухаммад ибн-Саллам іспетті сыншылар, Иунус ибн Жабби, Муаз әл-Харра сияқты тілшілер, ибн әл-Батрак, әл-Масури, ан-Надим сынды тарихшылар да өмір сүрді. Олар да өздерінің тамаша шығармаларымен араб әдебиетін, мәдениетін, ғылымын алға сүйрейді.

«Араб әдебиетінің X-XII ғасырларда шешек атып дамуы халифаттағы көптеген халықтар шығармашылығымен тығыз байланыста еді. Бұл дәуірдегі әдебиет түрлі халықтардың сандаған ұрпақтары ғасырлар бойы жасаған шығармаларына синтез жасауымен ерекшеленеді. X-XII ғасырлардағы араб әдебиетінің идея және формалық байлығының алуан түрлілігінің себебі де осы синтезде жатыр.

Сондай-ақ осы кезеңдегі әдебиеттен біртебірте жақындап келе жатқан құлдырау дәуірінің кейбір белгілері байқала бастайды. Өрши түскен діни төзбеушілік кез келген еркін ойлаушылықты тұншықтырады. Көркем форма айналасында кертартпалық сын әсерімен канонға айналып, әдебиеттің дамуына кедергі келтіреді. Сөйтіп әдебиетте риторикалық штамптың билік жүргізуі дағдыға айналды. Көркем шығармасын тудыруда автрлар ақындық ой, сезімінен гөрі білімі мен профессионалдық дағдысына сүйенеді».

Әдеби синтез дәуірінің талантты өкілдерінің бірі – «Муғджиз Ахмад» (ғажайып Ахмад) атанған шайыр **Абу-т-Таййб Ахмад ибн әл-Хусайн әл-Мутанабби**. Ол 915 жылы Куфа қаласында жарлы, су тасушысының жанұясында дүниеге келген. 928 жылы болашақ ақын Бағдатқа келеді.

Осында ол белгілі ақындардың өлең өнерімен танысады. Тәлім ала жүріп, өзінің алғашқы бейіттерін шығарады.

Әл-Мутанабби табиғатынан жарлы, жақыбайларға жақын жүріп, қашанда оларға қолынан келгенінше қамқорлық жасауға тырысып өткен адам. Сондықтан да ол Бағдатқа келген кезінен-ақ карматтар қозғалысна бүйрегі бұрып, кейінірек тіпті, ұраншыларының бірі болады. Мысалы, ол 933 жылы-ақ Латакия қаласына келіп, карматтар қозғаласы басшыларымен қатынас жасап, солардың қатарынан орын алады. Кейінірек жалғыз өзі Самау атты шөлге барып, бәдәуилерді көтеріліске шығарады. Бұған Ахматың шешендігі, тапқырлығы, батырлығы, батылдығы, өжеттігі көмектескен.

Ақын бәдәуилер арасында жүріп өзін пайғамбар деп жариялайды. Бірақ үкімет әскерлерімен болған қақтығыста көтерілісшілер жеңіліске ұшырайды. Ахмад тұтқындалып екі жыл зынданда жатады да соңыра өзін пайғамбар деп жарияламайтындығы жайлы Холм үкіметін уәде бергеннен кейін абақтыдан босатылады. Содан бастап Ахмад – «әл-Мутанабби» («жалған пайғамбар») атанып кетеді. Осы есімінен жалынды ақын араб әдебиеті тарихында қалған.

Аш-Шариф ар-Ради атанған әдеби синтез дәуіріне танымал ақындардың бірі Мухаммад ибн Хусани 970 жылы Бағдат қаласында шиидтер мазахабынан шыққан ірі шонжар жанұясында дүниеге келеді. Аш-Шариф (асыл) деген лақап есімді Ислам дінінің негізін салушы Мухаммад ұрпақтарынан тарағаны үшін алған.

Ақынның жастық шағы бай жанұядан шыққандықтан да алаңсыз, қамсыз өтіп, Бағдад, Басра, Мосул, Харран қалаларынан шыққан атақты ғалым, зерделі зерттеушілер дәрістерін тыңдап, жақсы тағлым алады.

Аш-Шариф ар-Ради қаламынан «Құран аяттарының көмескі кейбір жерлерін түсіндірме», «Бағдад қазылары жайлы мағлұматтар», «Шешендік өнері тқралы» секілді бірнеше ірі-уақты ғылыми, прозалық шығармалар туған. Дей тұрғанмен ұлы шайыр өз дәуірінде ғалымдығымен емес, ақындығымен тағы шыққан. Ал, Ханна әл-Фахуридің пікірінше, «поэзия Аш-Шариф ар-Ради үшін баюдың, жағынудың, жалбақтаудың құралы болмаған. Поэзия оның рухани қажеттігін өтеген. Ақын өлеңдері қызу сезімге толы. Өз поэзиясын ол жүрек отының қызуымен, жүрегінің нәзік лүпілімен толтырған, ақын биік мұрат үшін ұмтылған, бірақ үміті мен арманы орындала бермеген. Оның үстіне тағдыр оны жасытып, руының бұрынғысын ұмыттыра алмағанымен, қайғы, мұңның дәмін таттырған. Сондықтан да аш-Шарифтың поэзиясы бір жағынан махаббат пен қайғы-қасірет әуеніне толы болса, екінші жағынан мақтаныш пен даңқ гимінен де тұрған. Бірнеше рет Меккеге жасалған қажылық, сондай-ақ сол қажылық рәсімінің өзі де ақынға шабыт әкеліп, оның «Хиджазиат» («Хиджаз өлеңдері») циклді өлеңдерінің тууы әсер еткен. Сонымен қатар, Шиидықтар мен тағлибтықтардың үкіметтен аластатылуы ақынның «Шиат» («Шииа өлеңдері») циклынан тұратын өлеңдерінің өмірге келуіне себепкер болады.

Қарттық алдында аурудың меңдеуі қорқыныш пен діріл тудырған. Мұны да ол жырына мұқият қосқан. Достары мен жақындарының қазасы да ақынды элегияларында көз жасын төгіп егілуге мәжбүр етсе, тайпасының бұрынғы

даңқы өзін-өзі мақтайтын (фахр) өлеңдер жазуға итермелеген. Сөйтіп Аш-Шариф ар-Ради поэзиясы ақынның жүрегі мен жанының айнасы болған».

Аш-Шариф ар-Ради поэзиясының ішінде лириканың алатын орны ерекше. Мұнда ақын өз басынан өткен жайтты немесе сезімін туған көңіл-күйін ғана айтады. Ақын махаббаты ақыл мен жүректің мүшайра айтысы іспетті әсер береді. Ежелгі бәдәуи ақындары секілді Аш-Шариф ар-Ради де сүйіктісін кең далада сайран құрып, жанары жәудіреген, қазақ ұғымындағы киікке теңейді.

АНДАЛУСИЯДАҒЫ АРАБ ӘДЕБИЕТІ (VIII-XV ғасырлар)

ЖАТ ЖЕРДЕГІ ЖАҢА ӘДЕБИЕТ

VII ғасырдың бірінші жартысында арабтар Иран, Византия, Орта Азия, Солтүстік Африка елдерін басып алумен шектеліп қалған жоқ, сонымен қатар VIII ғасырдың жиырмамыншы жылдары Испанияға да шабуыл жасайды.

Испан халқы араб шабуылын күткен жоқ еді. Өйткені Африка мен өздерін бөліп жатқан Гибралтар бұғазынан арабтардың өте қоймасына кәміл сенген. Бірақ беттеріне перде, қолдарына найза ұстап, европалықтар бұрын көрмеген түйелерге мінген қисапсыз араб жасақтарының күтпеген жерден сау ете қалуы испандықтардың зәре-құтын алады.

Күні бүгінге дейін Испанияда осы шапыншылық жайлы көптеген аңыз әңгімелер бар. Олар Испанияны арабтардың басып алуының басты себебі өз патшаларының жаратушы алдында кешірімсіз күнәға батуынан, қаһарына ұшырайтынын іздейді. Мысалы, әмірші Родерика өмірін парықсыз, қызық қуып өткізіп күнәға белшесінен батыпты. Гот корольдері өсиет етіп келген шартты бұзады. Сол өсиетте Теледо қаласындағы патша сарайы бір бөлмесінің есігін еш уақытта ашпау жайында, ал оны бұзған адамның таусылмас қайғы-қасіретке душар болатыны хақында айтылған екен. Родерико оны құлағына ілмей есікті бұзып ішке кірген кезде қабырғалардан қабақтыры қатыңқы, түстері суық, қолдарына найза ұстаған салт аттылардың суретін көреді. Міне, сол күннің ертеңіне-ақ Испанияда Тарик бин Зийад қалың қол жойқын шабуыл жасайды.

Арабтар аз күн ішінде-ақ Испан әскерлерінің тас-талқанын шығарып, ислам дінін зорлап қабылдатқызады. Испанияның түкпір-түкпіріндегі Кордова, Валенсия, Толедо, Севилья, Сарагосса, Малага, Мурсия секілді қалаларын оп-оңай жаулап алады.

Исламды қабылдаған Мағрибтың берберлер мен арабтар Андалусияға келген соң жер бөлісіп алады. Сөйтіп олар аз уақыттың ішінде ірі жер иеленушілерге айналады да, Андалусия араб халифатының алыстығы аймағының бірі болып саналады.

Арабтар мен берберлер Андалусияның бас қаласы етіп, әуелде Севильяны таңдағанмен умаийад әулетінен шыққан алғашқы сұлтан Абд ар-Рахман I Кордова шаһарын астана етеді.

XI ғасырда Андалусиядағы Умаийад халифаты ыдырап кішкентай жеке иеліктерге бөлініп кетеді. Өйткені ұлттық құрамы жағынан ала-құла, экономикалық дамуы әр деңгейдегі Андалусия халқын билеу умаийадтарға оңай түспеген. Оның үстіне араб шапқыншылығынан қашып Испанияның қиыр шығысына қоныс аударған андалусиялықтардың кейбір тайпасы

кайтадан бірігіп, арабтарға қарсы көтеріледі. Осындай қозғалыстар жылнамалары мен шежірелерде, тарихи әдебиеттерде әдетте *реконкиста* деп аталады.

Испаниядағы араб әдебиеті «еліктеу» (VIII-Xғғ.), «жаңару» (XI-XII ғғ.) және «құлдырау» (XII-XVIғғ.) деп аталатын үлкен-үлкен үш кезеңге бөлінеді.

«ЕЛІКТЕУ» ДӘУІРІ

«Еліктеу» дәуірінің әдебиеті – Машрик ақындарын еліктеуден туған Андалусия шайырлары мен қаламгерлерінің шығармаларынан тұрады. Дамаск, Бағдад, Халаб, Каир, Фестен келген ақында әуелде жаңа жерге менсінбей, тәкаппарлықпен қараған. Шығыс араб жұртының әдет-ғұрпын, мәдениетін, әдебиетін испандықтарға үлгі еткен, өнеге алуға шақырған. Сондықтан да олар дәстүрлі поэзия конондарын өзгертпей, ежелгі араб поэзиясының дәстүрлерін қызғыштай қорыған. Ол жалпы ибн Бассам атты әдебиетші өзінің «Аз-Захира фи махасин ахл әл-Джазира» (Жарты арал (Андалусия тұрғындары абыройынан қазынасы) атты антологиясында: «Бұл елдің адамдары қайткенде де Шығыс жұртының ізімен жүргісі келеді, олар туралы айтылған жай әңгіменің өзін таңғажайып оқиға көреді. Шығыс елінде қара қарға қарқ етсе немесе Сирия мен Ирактың алыс тәкпірінен қоңыз ызылдаса болды бұлар міндетті түрде идол алдында тұрғандай тізелеп отыра қалады, оларды қасиетті кітаптай (кұрандай) қадірлейді» - деп орынды айтқан. Сөйтіп Андалусия ақындары өз қасыдаларын ежелгі араб ақындары секілді лирикалық толғаудан тұратын кіріспеден бастай отырып түйесін немесе тәкпірін суреттеуге көшеді. Кейде олар кіріспеден кейін аңшылық немесе соғыс көрінісін бейнелеуге орын береді. Ал поэмасының соңы белгілі батыр, даңқты бір тайпаны мадақтаумен аяталып отырады.

Умайяд әулеті өкілдерінің бірі Абд ар-Рахман 750 жылы Испанияға қашып барып Кордовада араб мемлекетін құрады. Әрі әмірші, әрі ақын, Абд ар-Рахман I өз өлеңдерінде мүшкіл халін айтумен бірге Отанынан айрылғанынан жаны ауырады. Кордовадағы патша сарайы бағынан жалғыз өскен пальманы көрген ол өз жағдайын осы жапанда жалғыз қалған пальмаға теңейді. «Егер мен секілді бауырыңның қайғысын сезіне білсең онда сен Евфраттың сулары мен пальмаларын еске алып қамығып көзіне жас алар едің» - деп өзін жұбатады.

Андалусияға көшіп келген Абд ар-Рахман секілді әдебиет пен өнер адамдарының мақтаныш тұтар, арқа сүйер рухани Алатауы, Бағдад, Басра, Дамаск, Халаб, Хомс қалалары болған. Сондықтан да олар шығыс еліне үлкен ілтипатпен мәдени жетекшісіне қарағандай ықылас білдіріп отырған.

«Андалусия әдебиеті» Шығыс араб әдебиетінің бір бұтағы секілді күй кешумен бірге – дейді ағылшын шығыстанушылары У.М.Уотт пен П.Какиа – Машрик әдебиетінен нәр алып, қашан да қуаттанып отырған. Бағдаттан Андалусияға 800 жылдары «бұлбұл үнді» парсы текті сал, сері, ақын, әнші Зирийаб қоныс аударады. Ол өзімен бірге сандаған шәкірттері мен өнерлі күң-кәнизактарын да ерте келіп Испанияда музыка мен ән мектебінің ірге тасын қалайды...

таңқаларлығы сол Шығыстың тамаша ақындарының шығармалары аз уақыттың ішінде-ақ Андалусияға жетіп, зерттеуге ілігіп, сондай-ақ жергілікті шайырлар оларға еліктеп жырлар да жазып жатқан. Осындай еліктеуден аса алмағандықтан да Испанияда VIII-IX ғасырларда атақты ақындар шыға қоймаған. Осы ретте Андалусияға поэзияның қасыда секілді дайын формасының келіп, бірден кең тарап кетті.

Ежелгі Арабияда қасыда мисра деп аталатын екі жарты өлең (полустихия) бірігіп бәйт құрайтын бір тармақты көптеген өлеңдерден тұратын. Бірінші бәйттің ұйқасы екі мисрада қосарланатын да ал қалған бәйттер ортақ жалпы бір ұйқаспен аяқталып отыратын. Түсінікті болу үшін мұны схемамен төмендегідей етіп көрсетуге болады:

	а		а
	а		а
	а		а
	а		а

Испания мен Магриб елдеріне келгеннен кейін де қасыда өзінің бұрын қалыптасқан құрылысы мен формаларын толық сақтаған.

Қасыда өте үлкен шығарма. Ол тек салтанатты жағдайда айтылатын. Бұл жанрға ақындар білімділігі мен жан-жақтылығын көрсету, таныту үшін баратын. Сондықтан да орыс шығыстанушылары кейде ода деп атаған.

Халық арасынан шыққан қарапайым ақындар қасыданы түгел айтып жатпай-ақ оның мұқаттаға деп аталатын жекеленген бөліктерін пайдаланған.

IX ғасырдың соңына таман Андалусияда Шығыс әдебиетіне бейтаныс **муашшах** және **заджал** деп аталған жаңа жанр пайда болады. Бұл жанрға жататын өлеңдер шумақты жыр жолдарынан тұрады.

Ибн Халдун муашшахтың рет IX ғасыр соңында пайда болғанын, ал классикалық дәстүрдегі поэзия құлдырай бастаған XII ғасырда шарықтап дамығанын айтады.

Муашшах немесе тауших әнге арналған өлең. Ол алғашқысы толық, келесісі жарты шумақтан тұратын екі бөлікке бөлінеді. Муашшах бәйт немесе джуз деп аталған өлең шумақтарына бөлінеді де әдетте кіріспенің рөлін атқаратын бір шумақ немесе екі тармақты өлеңмен басталады. Осы кіріспе іспетті шумақ мадхад яки гусн деп аталады. Егер өлең шумақ болмай екі тармақтан ғана тұрса онда әр тармақтың жарты өлеңі өзара ұқсайды. Бұл жайт екінші тармаққа да тән.

X ғасырда Кордова Андалусияның астанасына айналған соң «еліктеу» дәуірінің әдебиеті дами бастады. Өйткені Андалусияның сұлтандар мен түрлі иелік (мулук ат-тауайф) әміршілері бұрынғыдай емес әдебиетшілер мен ақындарға, ғалымдар мен қара сөз зергерлеріне, жезтаңдай әншілер мен бишілерге барынша ықылас қойып, қамқорлық жасай бастайды. Міне дәл осы X ғасырда әдебиет көкжиегінен ибн Абд ар-Раббих және Хани әл-Андалуси атты екі ақын көрінеді.

Абу Умар Ахмад ибн Мухаммад ибн Абд ар-Раббих 860 жылы Кордова қаласында туылған. Шонжар семьясында өскендіктен де шайыр

жақсы тәрбие, тағылым алады. Жас кезінен-ақ өлеңге ықыласы ауған ол есейіп азамат атанған кезінде белгілі ақындар санатына қосылады.

Абд ар-Раббих әмбебап адам болған, ол философия, филология, тарих, медицина секілді т.б. толып жатқан ғылым салаларының жетік білгірі атанған. Соның ішінде әсіресе проза мен поэзияда алдына жан салмаған. Ол да Абу Таммам сияқты «әл-Иқд әл-Фарид» («Теңдесі жоқ алқа») деп аталған антология құрастырады. Ол 25 тараудан тұрған. Әрбір екі тараудың басын біріктіріп «Лағылтас» деп атаған. Сөйтіп лағылтас сеілді 12 тарау бейне бір алқа секілді әсер берген.

Ғалым уақытының көпшілік бөлігі Кордова әміршісі Абд ар-Рахман II-нің сарайында өткен. Б.Я. Шидфар ақын үшін ең бір табысты жылдар болған деп тап осы кезеңді көрсетеді. Шынында да Абд ар-Рахман есімін әлемге жайған «әл-Иқд әл-Фарид» атты шығармасы да міне дәл осы жылдары дүниеге келген.

Антология соғыс тәсілі мен ел билеу, сарай адамдары арақатынасы мәселелері, мораль, әдебиет, тарих, ғылым салаларын сөз етеді. Зерттеушілер соған қарап Абд ар-Раббихтың бұл еңбегін дидактикалық туындыға жатқызады.

Дархан дарынның жинағы біздің жерлесіміз Йусуф өз шығармасын XI ғасырдың соңында жазған. Соған қарағанда Й.Баласағұни Абд ар-Раббихтың «әл-Иқд әл-Фаридамен» таныс болуы да мүмкін.

Андалусия авторының кітабында сондай-ақ бәдәуи ақындарының өлең, жырлары, Құраннан дәйектемелер, пайғамбар айтып еді деген аңыз, әңгімелер, әділ әкімдер мен дәуір даналары жайлы мол мағлұматтар берілген. «Абд ар-Раббихтың пікірінше,» - дейді Б.Я.Шидфар, - әдеби творчествосының шырқау шыңы - поэзия. «Әл-Иқд әл-Фарид» кітабының бір тарауын сондықтан да ол «Поэзияның прозадан артықшылығы» - деп атаған.

Ибн Абд ар-Раббихтың ізін ала шыққан Абу-л-Қасым Мухаммад ибн Хани әл-Андалуси атты ақынның творчествосы да осы «еліктеу» дәуірі кезеңіне жатады. Ол 938 жылы Севилья қаласында дәулетті семьяда дүниеге келген.

Севилья X ғасырдың басы мен ортасында Андалусияның саяси және экономикалық өмірінің темір қазығына айналған ірі шаһарлардың бірі болған. Қаланың қолөнер шеберлері жасаған заттар мен сол өлке шаруалары өсіретін жеміс, жидектер шет елдерге кеңінен тараған. Севилья теңіз бойындағы порттардың негізгісі болғандықтан да ол арқылы мұсылман Шығысы мен Маграб елдері жағалауларымен сауда қатынасын жасалған.

Андалусияға теңізші және саудагерлермен қатар кейде көпестер кейпіне еніп, Фатима әулетінен шыққан шиия ағымын уағыздайтын діндарлар да келген. Олар Испаниядан өздерімен пікірлес боп қолдай алатын адамдарды іздеумен айналысқан. Ал Андалусия әкімдері саяси мақсатпен шиия ағымына ілтипатпен қарағандарды аямай жазалаған (Солтүстік Африкадағы Фатима әулеті Испаниядағы умаийад әулетіне жау болған).

Міне, ибн Хани осындай кезеңде өмір сүрген. Зерек, өнер-білімге құштар ибн Хани көп ұзамай-ақ Севилья әкімдері сарай ақыны болуға

шақырады. Талантты шайыр орда адамдарының арасында өзінің ойға толы, нәзік өлеңдерінің арқасында қадір-құрметке бөленеді. Бірақ ибн Ханидің шиия ағымына іштарта қарауынан қорыққан Севильялық кейбір шонжарлар мен ақынның бақталас жаулары ибн Ханиді өсектеп Андалусиядан қудырады. И.Ю.Крачковский «ибн Хани өлеңдеріне сунна ағымын ұстағандар үшін күпірлік боп табылатын шиидтік әуен басым. Ақынның ондай жырлары шиия ағымын ұстайтындар арасында кеңінен белгілі болған» - дейді.

Елінен аласталған ибн Хани Магрибты аралап кетеді. Фатима әулетінен шыққан Халифа әл-Мансурдың ұлы әл-Муиизбен достасады. Әл-Мансурдың қолбасшысы Джахуарға көптеген мақтау өлеңдер арнайды. Сөйткен ақын 973 жылы Мысырға бара жатып жолай Барка деген қыстақта не бары отыз бес жасында белгісіз біреулердің қолынан қаза табады.

Ақын өмірі мен творчествосын көп зерттеген араб ғалымдары оны әдетте Андалусияның «әл-Мутанббиді» деп атайды. Өйткені ибн Хани атанған ақын творчествосына жиі еліктеген. Алпысқа жуық қасыдаларының ой оралымдары мен образдары, суреттеулері мен сөз саптаулары әл-Мутанабби өлеңдерімен орайлас келеді.

«Жаңару» дәуірі

«Жаңару» дәуірі тұсында поэзияның мазмұны өзгеріске ұшыраған. Егер «еліктеу» кезеңінің ақындары алыста қалған Иракқа деген сағыныш сазын жыр етумен шектелген болса, ал «жаңару» дәуірі поэзиясының ақындары Иракқа деген зарығуды Андалусияға деген сүйіспеншілікпен алмастырған.

«Жаңару» дәуірі әдебиетінің өкілдерінің бірі **Абу Мухаммад Али ибн Ахмад ибн Саид ибн Хазм** 994 жылы Кордова қаласында дүниеге келген. Кардовалық халифалар тақтан тайып, аласапыран басталған жылдары болашақ қаламгердің әкесі қайтыс болады да шешесі балаларын алып, Жерорта теңізі жағалауына орналасқан кішкентай қала Алмерияға көшіп келеді. Бірнеше тілді жетік білумен қатар талай ғылым салаларынан мол мағлұматы бар ибн Хазм көп ұзамай-ақ Андалусияға ғалымдарының маңдай алды озық ойлыларының бірі боп танылады. Бірақ жас ғалымның бақталастары оны умайядтық халифаларға ықыласы күштірек деп берер тайпасы өкілдеріне өсектеуіне байланысты ибн Хазмның бірнеше рет зынданға отыруына тура келеді. Соңыра ол ел аралап кетеді. Қаңғыбас ғалым, жиһанкез-әдебиетші деген атақ алады.

Зерттеушілер ибн Хазм Альмерияда жүрген жылдары одан бір досының махаббат жайлы трактат жазуды өтінгенін айтады. Қолына қалам алған ғалым Испания материалына негіздей отырып, «Тауқ әл-Хамама» («Көгершін алқасы») деп аталған трактат жазған. Мақама жанрының әңгімелеріндегідей арасына өлең жолдары кірістіріліп отыратын бұл туынды «Кіріспе», «Махаббаттың табиғаты», «Махаббаттың белгісі», «Түсінде ғашық болғандар», «Бір көргеннен ғашықболғандар», «(Сүйіспеншілікті)сөзбен аңғарту», «Көзбен емеурін білдіру», «(Махаббатты)күпия сақтау», «Жасырын сырды жариялау», «Өсекшілер», «Қосылу», «Ажырасу», «Сенім», «Көзге

шөп салу» жайлы деп аталған т.б. осы іспетті 29 тараулардан тұрады. Әрбір тарау ғашық адамдардың халі мен махаббаты, өз замандастары мен отандастары туралы қызықты оқиғаларды баян етеді.

У.М.Уотт пен П.Какиа айтқандай, ибн Хазмның бұл шығармасында «Махаббат дегеніміз әуелде жеке боп жаратылған екі жартының бірігуі», деген Платон ілімімен жалғасып жатқан көзқарас білдірген. Ибн Хазм сондай-ақ алдына ұлы мақсат етіп өзін қоршаған орта мен сол ортаның кішкентай бір бөлшегі – адамды рухани жағынан тәрбиелеуді қойған. Ол үшін автор «жалпы моральдық – психологиялық әңгімені аяқтағаннан кейін тұжырым жасау үшін өмірден немесе түрлі әдебиеттерден алған мысалдарды келтіреді. Ондай мысалдарды ғалым шығармасында өзі ғұмыр кешкен тұстағы Испания өмірінен алынған тұрмыстық анекдот секілді әсер береді.

Андалусия әдебиетіне әлі мәлім бола қоймаған новелла жанрының жинағы секілді ибн Хазмның бұл еңбегі өзінің құрылысы жағынан әл-Джахиздің «Китаб әл-бухаласына» да ұқсайды».

Ибн Хазмның «Тауқ әл-Хамамасын» Машрик елінің әдебиетшілері Андалусия өмірін алғаш рет арқау еткен туынды ретінде жылы қабылдаған.

Ибн Хазм 1063 жылы қайтыс болған.

Кері кету кезеңі

XII ғасырдан бастап шынайы шығармаларымен жұртты тандандырған Андалусия әдебиеті құлдырай бастайды. И.М.Фильштинский оның себептерін Солтүстік Африкадан келген әл-мурабитун мен әл-маххидун тайпасы өкілдерінің Испанияға басып кіріп араб княздіктерінің тәуелсіздігін жоюынан, Андалусияны Магриб мемлекетінің провинциясына айналдырғанын іздейді. Шынында да берерлік діндар әскербасылар тамаша архитектуралық ғимараттарды қиратып, исламның бұрынғы дәуірлердегі «тазалығы» мен «қарапайымдылығын» қайтадан қалпына келтіру үшін «күпір» ойлы идеясы бар кітаптарды отқа жақтырған. Араб тілінде сөйлейтін христиан тектілерді Андалусиядан аластаған. Өздері араб әдеби тілін жақсы білмегендіктен поэзияны түсінбеген. Ақындар мен қаламгерлерді қуғындауға ұшыратқан. Шайырлар енді ордадан кетіп, өздерінің тыңдаушылары мен жарылқаушыларын ел ішінен, қарапайым халыққа мүмкіндігінше түсінікті араб пен испан тілінің арасынан туған (койнә) Андалусия диалектісінде өлеңдер жаза бастайды. Осы диалектіде туған жанрлардың бірі – **заджал**.

Заджал құрылысы мен мазмұны жағынан муашшахтан алшақ емес. Муашшах әдеби тілде, ал заджал өлеңдерінің тілі диалект сөздерден тұрады. Сондай-ақ заджал авторлары да өз жырларын музыкаға бейімдеген. Өйткені олар өлеңдерін ордада емес, қалалар мен қыстақтардағы халық арасына ән етіп айтқан.

Заджал жанры көрнекті өкілдерінің бірі – **ибн Қузман** атты ақын 1080 жылы Кордова қаласында туылған. Ақын өлеңдерінің тақырыбы сан алуан. Ибн Қузман, бәдәуи жұртының көшкен ізін көріп қамығу немесе өз руының батырларын мадақтау емес, керсінше тек шарап пен махаббатты ғана жыр еткен. Сондықтан да оның жырлары қарапайым халық арасына кеңінен тараған.

Кері кету кезеңінен тағы бір ақыны **Ибраһим ибн Сахл** (1260 ж. Қайтыс болған) атты шайыр заджалдары ибн Қузман поэзиясымен сарындас болғанмен ол тек махаббатты жырлаған. Ибраһим өлеңдері Андалусияда ғана емес, Шығыс араб елдерінде де көп айтылған.

Орта ғасырлар соңындағы араб әдебиеті (XIII-XVIII ғасырлар)

Құлдырау дәуірі әдебиеті

Өзінің қайнар көзін ежелгі бәдәуилер поэзиясынан бастаған арабтың классикалық әдебиеті XIII ғасырдан соң біржола құлдырай бастайды. Өйткені, аббастықтар халифаты құлағаннан кейін оларды әуелі селжүк түріктері билесе, бертін келе араб мәдениетінің алтын бесігі болған Бағдадты 1258 жылы моңғол ханы басып алады.

Моңғолдар кітапханаларды өртеп, халықты аяусыз қырған. Қалаларды жермен-жексен етіп қиратады. Ханна әл-Фахури моңғол шапқыншылығының зардаптары жайлы айта келіп: «Бағдадтың мұсылман – суниттері мен шиидтері арасындағы дайымы қақтығыс, жанжал, дұрдараздық араб әскерінің күшін әлсіретті. Сондықтан да олар Хулагу ханға қарсы тұра алмады. 1258 жылы қалаға басып кірген Хулагу халифа мен оның уәзірлерін дарға асты. Аббастықтар астанасындағы қан төгіс пен қарақшылық тону қырық күнге созылды, көп халық қырылды, талай кітап Тигрге тасталды. Мәдени мұраның бәрі де аяусыздықпен өртелді, араб әлемінің жанға жайлы өлкесі атанып цивилизацияның бесігі болған жердегі өзендер өз елінің ғылыми және әдеби байлығын құшағына алды.

Хулагу ханнан кейін мұнда Темір келді. Алдыңғы екі дауылдан да күштірек болған бұл сұрапыл Кіші Азияны орап өтіп осы кезге дейін ешкім тимей тыныш жатқан Сирияны басып-жаншып өтті. Елдің алдыңғы қатарлы ғалымдары мен таңдаулы қолөнер шеберлері қазаға ұшырады. Бір кезде шешек атқан қалалар қираған үйіндіге айналды, кітапханалар өртелді», - дейді.

Ал енді Машрик жұртының осындай ауыр халіне қарамастан Қызыл теңіздің арғы шетінен басталатын Мысыр елінде XV- ғасырға дейін мәдени өмір жалғаса берген. Әсіресе әдеби өмір Мысырды мамлюктер билеген ғасырларда біраз жанданған.

Арабтың **мамлюк** деген сөзінің көп мағынасы – **ақ құлдар** дегенді білдіреді. Ал осы мамлюктер деп аталған түркілер қазіргі қазақ сахарасы мен Поволжье далаларында моңғол шапқыншылықтарымен болған қырғын соғыс кезінде тұтқынға алынған қыпшақтар болатын. И.М.Фильштинский зерттеулеріне қарағанда, моңғолдар қыпшақтарды шетелдік көпестерге, әсіресе иалиялық саудагерлерге сатқан. Ал олар Мұндай өтімді «товарларды» Жерорта теңізінің арғы жағалауындағы Мысыр еліне апарып, Египет сұлтандарына асық бағамен қайта сатады. Тұтқындар ішінен қыпшақтардың батырлығына, ержүректігіне, төзімділігіне, шыдамдылығына қызыққан Мысыр сұлтандары оларды келе жоғары әскери қолбасшы дәрежесіне қолы жеткен мамлюктер халық тарапынан қолдау таппаған сұлтандарды оп-оңай тақтан тайдырып отырған.

Мысырлық мамлюктердің салтанат құруы әсіресе XII ғасырдың екінші жартысынан басталады. Мысалы, 1250-1257 жылдардан бастап Египетті түркілердің бахрлықтар деп аталған Айбек бастаған қауымы билеген. Олардың бахрлықтар деп аталуына себеп болған жайт-қыпшақтардың әскери казармаларының Ніл өзені ортасындағы аралда болғандығынан еді. Сондықтан да олар «бахрлықтар» («аралдықтар») боп аталып кеткен.

Мамлюктер мемлекет тізгінін қолдарына алғаннан кейін өздеріне дейін елді билеп келген күрділер әулетін аластайды. Сөйтіп Египетті ұзақ ғасыр билеген. Олардың басын біріктіріп, жеңістерге жетелеген, күні бүгінге дейін халық аузында аңыз боп аты қалған қыпшақтардың бірі АЗ-Захир Рукн ад-Дин Бейбарыс болатын.

Мамлюктер тұсында Мысырда қала әдебиетіне тән қиса, халық романдары өріс ала бастайды. Шынында да классикалық араб әдебиетінің құлдырауы халық ауыз әдебиетінің дамуына қолайлы жағдай туғызған. Халық поэзиясы мен романдарында жұрттың ден қоя бастағаны сонша, диалектіде туған өлең-жырлар, аңыз әңгімелер сұлтандар сарайына да жетіп кей тұста қолдау тапқаны байқалады.

Сөйтіп XIII-XVIII ғасырлардағы әдебиет Ханна әл-Фахуридін сөзімен айтқанда, қатты ауырып әлсіреген адам секілді күй кешкен. Өйткені өмір, тұрмыс, саяси жағдай ақындардың шеберліктерін шыңдауына әрі поэзияның дамуына мүмкіндік туғызбаған. Әкімдер мен сұлтандар арасынан поэзияға дем беріп, мадақтап, қолдағандар және шайырларды өздеріне жақындатып ақындық өнері үшін сыйлық, беретіндер сирек кездескен. Сондықтан да ақындар енді күнкөріс қамы үшін қолөнер кәсібімен айналысуға мәжбүр болды. Нағыз ұлттық поэзияны қоректендіретін энтузиазм мен патриоттық рух әлсіреген. Сөйтіп саяси толқулар мен қатыгездік билеген заманда поэзия өзінің өміршендігінен айрылған.

Әдебиет, ғылым, мәдениеттің тоқырауы ұшырауына байланысты аталған ғасырларда аскеттігі қолдап, бұл дүние қызығынан безіп, құдайға құлшылық етуді, күнәдан пәк болуды уағыздаған да ағым күшіне ене бастайды. Олар әдебиеттен гөрі дін ілімінің дамуына жағдай жасауға тырысқан. Соған байланысты мұсылман схолистикалық ғылыми және юриспруденциясын сөз ететін ибн Ибраһим әл-Халибидің (?- 1549) және күрделі текті Абу-с-Сууд (?-1574) ныспылы оқымыстының шығармалары Каир, Дамаск, Бағдад, Хорасан, Бұхара қалаларындағы медреселерде оқулық ретінде пайдаланылған. Сонымен қатар аталған ғасырларда араб әдеби тілінің грамматикасы мен стилистикасының, лексикографиясы мен лексикологиясының мәселелеріне арналған Мұхаммед ибн Абд Аллах Маликтің (?-1273), ибн Манзур деген атпен белгілі болған Джамал ад-Дин Абу-л-Фадл Мұхаммед ибн Мукаррамның (?-1311), Маджид ад-Дин Мұхаммед әл-Фирузабидің (1329-1414), Абд Аллах ибн Хишамның (1309-1360), Мұхаммед ас-Санхаджи ибн Аджуррумның (№-1323), Джамал ад-Дин Абд ар-Рахман ас-Суйутидің (1445-1505) және тарихшы, биограф, географтар ішінен Ахмад ибн Халликан (1211-1282), әл-Казуини (1208-1283), Абу-л-

Фида (1273-1331), ибн Баттута (1304-1377), ибн Халдун (1332-1406), әл-Макризи (1365-1441), ибн Арабшаһ (?-1450) секілді ғұламалар еңбектері бүкіл шығыс елдеріне кеңінен мәлім болған.

Софылық поэзия

Араб әдебиеті мен мәдениетінің кемеліне келіп, құлпыра гүлденген дәуірлері VIII-XI ғасырлар аралығын қамтитынын, ал XI ғасырдың соңынан бастап түрлі ішкі және сыртқы жағдайларға байланысты араб дүниесінің көбесі сөгіліп, іргесі шайқала бастағанын ілгерідегі тарауларда айттық.

Иә, әркім өз алдына мемлекет құрып, қырғи қабақ соғыс пен ала ауыздық басталған қым-қуыт аласапыран заманда, әуелі арабтың өз топырғындағы Бағдад, Басра, Куфа, Димашық, Антакия, Халаб және найзаның ұшы, білектің күші арқылы жаулап алынған жерлерді Севилья, Толедо, Исфаһан, Отырар, Иасы сияқты шаһарлардағы әуезді баққа жиналып, мүшайраға түсіп жататын сарай шайырлары өмір нышандарына толы жырлар жазудың орнына сарғайған сары уайымға көшті. Фәни дүниені аңсады. Ислам дүниесінің кешегі өткен салтанаты мен бұлыңғыр болашағы оларды қайғыға батырды. Міне, дәл осы кезде шығыс әлемінде қуаныш пен шаттықты, махаббат пен шарапты өз жырына арқау еткен софылық поэзияның әсері күшейіп бірте-бірте ол қанатын кең жая түскен еді.

Суфизм діни-мистикалық ағым ретінде VIII ғасырда-ақ пайда болғанымен XI ғасырдың соңында өз идеологиясын антикалық және христиан ой-пікірімен толықтыра отырып жетіліп, жаңа мазмұндағы ағымға айналып үлгерген болатын.

Софылық идеологияның негізі деп Жаратушының барлығы мистикалық жолмен танып-білуді уағыздайтын идеяны айтамыз. Бұл идея софылар үшін жаңа діни идеал және өмірдің бас мақсаты болумен қатар адамның рухани жетілуі үшін аскеттігі, тұрмыстағы кедейлік, жоқшылықты, бұл өмір қызығынан безу идеяларын уағыздайтын бас концепция болды.

Өтілген материалдар бойынша тест тапсырмалары

1. Араб жазба әдебиетінің пайда болуы неше кезенді қамтиды?
А) 5
В) 2
С) 3
D) 6
E) 4
2. Араб жазба әдебиетінің пайда болуы екінші кезеңі (ҮІІғ. – ХІІғ ортасы) қалай аталады?
А) классикалық
В) ерте орта ғасырлық
С) дәстүрлік
D) шешендік-риторикалық
E) лауазымдық
3. Араб әдебиетінде «Муаллақ» деп атанған үздік өлеңдер жазған ақындар:
А) Лабила, Антары
В) Айзен, Дулат

- С) Челеби, Махмуд
D) Шинаси эфенді,
E) Абдул Хакк
4. Араб әдебиеті тарихында исламға дейін поэзия патшасы атанған бәдәуи ақыны:
A) Имру-л-Кайс
B) ибн әл-Араби
C) Омер Сейфиддин
D) Мехмет Эмин
E) Сотым Ұлықзаде
5. 531 жылдар шамасындағы бәдәуилердің тағлиб тайпасының ақыны:
A) Әл Мухалхил
B) Хиджал
C) Халифа
D) аш-Шағрани
E) Антара
6. Мәмлүк сұлтандары сарайларындағы шайыр:
A) Рабиндранат
B) Шудрак
C) Лакшмана
D) Лю Сян
E) Баха ад-Дин Зухайр
7. XI-XIV ғ. софылық поэзия өкілі:
A) Али ас-Сағади
B) Имрулькайс
C) Амра ибн Кульсума
D) Әл Мухалхил
E) Мирза Мальком
8. Араб әдебиетіндегі ақын Антара ибн Шаддад әл-Абси туралы роман:
A) «Сират Антара»
B) «Мәмлүк»
C) «Шаддад әл-Абси»
D) «Сұлтан Бейбарыс»
E) «Үлкен тайпа»
9. Араб тілінде жинақталған әлем әдебиетінің үздік үлгісі:
A) «Мың бір түн»
B) «Шарап жайлы жырлар»
C) «Білім қазынасы»
D) «Түріктік саз»
E) «Білім көктемі»
10. Араб әдебиетінде ағасы Әбу Сахар қайтыс болғанда қабырғасы қайысып, көптеген элегиялар шығарған ақын әйелдің есімі қалай аталады?
A) Әл-Ханса
B) Ан-Нуғман
C) Ан-Набиға

- D) Зухаир ибн Аби Сулма
E) Ханна әл-Фахури
11. Ливандық араб әдебиетшісі, бәдәуи тайпалары көрнекті өкілдерінің шығармаларын зерттеуші, «История арабской литературы» атты ғылыми еңбектің авторы?
A) Ханна әл-Фахури
B) Зухаир ибн Аби Сулма
C) Ан-Набиға
D) Ан-Нуғман
E) Әл-Ханса
12. Араб әдебиетіндегі сарай шайырларының бірі Ан-Набиға аз-Зубианиға таңылған «Набиға» атты лақап есім қандай мағынаны береді?
A) талант
B) жомарт
C) әділ
D) бай
E) кедей
13. Араб әдебиетіндегі бәдәуилер шығармаларындағы қарасөзбен баяндалған шығарма қалай аталады?
A) «Инген Басус жайлы хикая»
B) «Мың бір түн»
C) «ад-Дахис пен әл-Габраның соғысы»
D) «Сират Антара»
E) «Мәмлүктер сарайында»
14. Араб әдебиетінде сарай шайырларының бірі Әл-Ашаға замандастары берген «санаджату л-араб» деген атақтың мағынасы?
A) шешен
B) прозаик
C) музыкант
D) арабтың ұлы ақыны
E) суреткер
15. Хаммад ар-Рауиа құрастырған жинақ қалай аталады?
A) «Ақындар буыны»
B) «Әл-Муфаддалиат»
C) «Китаб әл-агани»
D) «Китаб әл-Хамаса»
E) «Әл- Муаллақат»
16. Бейбарыс сұлтан туралы аңыздар мен қиссалар араб халқының қай романында жазылған?
A) «Мың бір түн»
B) «Санд баднама»
C) «Сираттар»
D) «Алтын бақ»
E) «Сират антара»
17. Бәдәуилер поэзиясында элегия жанры қалай аталады?

- A) риса
- B) фахр
- C) насиб
- D) хиджа
- E) ғазал

18. «Араб ақындары өз өлеңдерін астына мініп бара жатқан түйесін суреттеуден бастайды» деп айтқан ғалым?

- A) И.Гольдциэр
- B) Д.С.Марголиус
- C) Р.Гейер
- D) И.Ю.Крачковский
- E) Ибн Салам

19. «Кулейб» деп аталатын жыр жолдарының авторы?

- A) Имрул - Кайс
- B) Әл-Мухаллил
- C) Әл-Харис
- D) Әл-Ханса
- E) Ибн Салам

20. Бәдәуилер даласына, Унейза есімді аруға жыр жолдарын арнаған араб ақыны?

- A) Имрул-Кайс
- B) Әл-Мухаллил
- C) Әл-Харис
- D) Әл-Ханса
- E) Ибн Салам

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиет:

1. Дербісәлиев Ә. Араб әдебиеті. (жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралы) –Алматы, 1979.

Қосымша әдебиеттер:

1. Дербісәлиев Ә. Абай және араб әдебиеті. // Қазақ философиясының мәселелері – Алматы, 1987
2. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. –Алматы, 1995
3. Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер: (Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Астана қаласы, 2001 ж.)
4. Дулатов.М. Туркиядағы капитуляцияны жоғалту // Дулатов М. Шығармалары. -Алматы: 1991
5. Тебегенов Т. Шетел әдебиеттерінің тарихы. Алматы. 1996.
6. Шалекенов У. Әлем халықтарының этнологиясы. Алматы, 2002.
7. З.Қабдолов. Сөз өнері. Алматы, 1992
8. Сәтбаева Ш. Казахская литература и Восток. –Алматы, 1982
9. Сөз зергерлері. Алматы., 1965
10. Бердібаев.Р. Достық кемесінде., Алматы, 1970
11. Нұрқатов А. Идея және образ. Алматы, 1962